


<p><b>СӘТБАЕВ</b> УНИВЕРСИТЕТІ</p> 	<p><b>«Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</b></p>	
<p>3-деңгейдегі СМЖ құжаты</p>	<p>2023 ЖЫЛҒЫ «_24_» _10_ №5 редакция</p>	<p>Қ 029-03-01.1.01-2023</p>

**«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ кредиттік оқыту технологиясы (бакалавриат)**

**ҚАҒИДАСЫ**

**Қ 029-03-01.1.01-2023**

Алматы 2023

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы кағидасы (бакалавриат)	62 беттің 2-беті
-----------------------	--	------------------

## АЛҒЫСӨЗ

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Тіркеу кеңсесінде **ӘЗІРЛЕНДІ**

Тіркеу кеңсесінің директоры  
«16» 10 2023 ж.

 Н.Қызылбаев

## 2 КЕЛІСІЛДІ

Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор  
«23» 10 2023 ж.

\_\_\_\_\_ Б.Жаутиков

Заңгерлік қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу басқармасы бастығының міндетін атқарушы  
«20» 10 2023 ж.

 Т.Абуkenов

Бағалау және сапа бөлімінің бастығы  
«19» 10 2023 ж.

 А.Сауранбаева

Құжаттамалық қамтамасыз ету және мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің бастығы  
«19» 10 2023 ж.

 Ж.Орақбаева

3 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ басқармасының 2023 жылғы «21» 10 № 15 шешімімен **БЕКІТІЛДІ.**

4 2021 жылғы 29 қыркүйектегі №4 редакцияның орнына **ЕНГІЗІЛДІ.**

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 3-беті
-----------------------	--	------------------

## МАЗМҰНЫ

1	Нормативтік сілтемелер	4
2	Пайдаланылған қысқартулар, терминдер және анықтамалар	5
3	Жалпы ережелер	9
4	Білім алушының білім беру траекторияларын таңдау процедурасы	11
5	Оқу пәндеріне тіркеу	14
6	Білім алушының оқу жетістіктерін бақылау	16
7	Білім алушының білімін бағалау. GPA есептеу әдістемесі	19
8	Кәсіби практиканы ұйымдастыру және өту	29
9	Қорытынды аттестаттау	33
10	Академиялық транскрипт	37
11	ҚазҰТЗУ-дан басқа оқу орнына ауысу, қайта қабылдану, оқудан шығару. Мемлекеттік білім беру гранттарынан айыру	38
12	Академиялық демалыстар беру	46
13	Академиялық адалдық	48
14	Мемлекеттік шәкіртақы	50
15	Оқу ақысын төлеу	52
16	Ынталандыру және тәртіптік жазалау шаралары	54
17	Жаппай ашық онлайн курстар арқылы алынған кредиттерді қайта есептеу (ЖАОК)	56
18	Қысқартылған оқу түрі: кредиттерді қайта есептеу қағидасы	56
19	Қорытынды ережелер	61
	Өзгерістерді тіркеу парағы	62

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 4-беті
-----------------------	--	------------------

## 1 Нормативтік сілтемелер

1 кесте - Құжатта сілтеме жасалған нормативтік және өзге де құжаттардың тізімі.

№	Құжаттың атауы	Құжатқа сілтемелер
1	Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы	<a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_z070319.htm">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_z070319.htm</a>
2	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 04 шілдедегі №171-VI Заңы	<a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1800000171">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1800000171</a>
3	«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017657">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017657</a>
4	«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200028916">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200028916</a>
5	«Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1100006976">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1100006976</a>
6	«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы	<a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017650">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017650</a>
7	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚР Заңы	<a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000410">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000410</a>
8	«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I ҚРЗ Заңы	<a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000151_">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000151_</a>
9	«Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысы	<a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/P080000116_">https://adilet.zan.kz/rus/docs/P080000116_</a>

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 5-беті
-----------------------	--	------------------

## 2 Пайдаланылған қысқартулар, терминдер мен анықтамалар

### 2-кесте – Пайдаланылған қысқартулар

Қысқарту	Толық атауы
GPA	Үлгерімнің орташа балы (GradePointAverage)
ҚР МЖМБС	Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ЖОЖ	Жеке оқу жоспары
ҚазҰТЗУ, Сәтбаев Университеті, SU	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ
ҚР ҒЖЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
СӨЖ	Студенттің өзіндік жұмысы
ОСӨЖ	Оқытушының жетекшілігімен студенттің өзіндік жұмысы
ЖББП	Жалпы білім беретін пәндер
БББ	Білім беру бағдарламасы
ТК	Тіркеу кеңсесі
МОЖЖ	Мамандықтың оқу жұмыс жоспары
ЖАОК	Жаппай ашық онлайн курстар
АК	Аттестаттау комиссиясы

### 3 кесте – Құжат мәтінінде қолданылатын терминдер мен анықтамалар

Термин	Анықтамасы
Академиялық дәрежесі (Academic Degree)	Қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша ЖОО бітірушіге берілетін тиісті оқу бағдарламасын меңгеру дәрежесі
Академиялық күнтізбе (Academic Calendar)	Демалыс күндерін көрсете отырып, оқу жылы ішінде оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіптік практикаларды өткізу күнтізбесі (демалыс және мерекелер)
Академиялық кезең (Academic Term)	Теориялық оқыту кезеңі: ұзақтығы 15 апта семестр, триместр ұзақтығы 10 апта
Академиялық демалыс (Academic vacation)	Сырқаттануға, жүктілікке немесе мерзімді әскери қызметке шақыру кезінде оқу мүмкін еместігінің дәлелденген себептеріне байланысты, бір академиялық кезеңнен 4 академиялық кезеңге (семестрге) дейін оқуды тоқтату
Академиялық транскрипт (Academic Transcript)	Кредиттер санын, бағаларын және орташа балын көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде өтілген пәндердің тізбесін қамтитын белгіленген нысандағы құжат
Академиялық сағат (Academic hour)	Білім алушының оқытушымен кесте бойынша оқу сабақтарының барлық түрлерінде (аудиториялық жұмыс) немесе жеке бекітілген кесте бойынша байланыс жұмысының уақыты. Академиялық сағат лекциялық, практикалық (семинарлық) сабақтардың 1 байланыс сағатына (50 минут) немесе зертханалық сабақтардың 2 байланыс сағатына (100 минут) тең.

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 6-беті
-----------------------	--	------------------

<b>Термин</b>	<b>Анықтамасы</b>
Академиялық адалдық (Academic Integrity)	Академиялық процестің барлық қатысушыларын оқыту мен бағалауда жеке адалдықты дамытатын құндылықтар мен қағидаттардың үйлесімі. Сондай-ақ жазбаша бақылау жұмыстарын, емтихандарды, эссе, зерттеулер, презентацияларды орындау кезінде лайықты мінез-құлық ретінде түсіндірілуі мүмкін
Add/Drop кезең	Әдетте, оқушының пәннен бас тартуы және/немесе өз қалауы бойынша жаңасына жазылуы мүмкін оқудың бірінші аптасындағы кезең
Апелляция (Appeal)	Білім алушының білімін объективті емес бағалауға ықпал еткен факторларды анықтау және жою үшін жүргізілетін рәсім
Бакалавриат (Baccalaureate)	«Бакалавр» академиялық дәрежесін бере отырып, жоғары кәсіптік білім деңгейі
Бакалавр (Bachelor)	Бакалавриаттың білім беру бағдарламасын меңгерген тұлғаларға берілетін академиялық дәреже
Шығарушы (бейінді) кафедра	Өз бейіні бойынша мамандар даярлауды және шығаруды жүзеге асыратын кафедра
Таңдау бойынша пәндер (Elective Courses)	Білім алушының таңдауы бойынша кез келген академиялық кезеңде оқытылатын элективті оқу пәндері
Дескрипторлар (Descriptors)	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің әрбір деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін студенттердің алған білімдерінің, іскерліктерінің, дағдылары мен құзыреттерінің деңгейі мен көлемін сипаттау. Дескрипторлар оқу нәтижелеріне, қалыптасқан құзыреттерге, сондай-ақ академиялық кредиттердің жалпы санына негізделеді
Дипломдық жоба (жұмыс)	Студенттің (түлектің) қорытынды аттестаттау комиссиясында міндетті түрде қорғай отырып, ғылыми немесе есептік зерттеу жұмысы түрінде қорытынды аттестаттау
Оқу пәніне жазылу / Тіркеу (Enrollment / Registration)	Онлайн-режимде білім алушының оқу пәндеріне алдын ала жазылу рәсімі
Жеке оқу жоспары	Белгілі бір білім алушының білім беру траекториясын көрсететін, жұмыс оқу жоспары негізінде академиялық кезеңге өз бетінше құрастырылатын, өзі оқуға түскен оқу пәндерінің тізбесін және кредиттер немесе академиялық сағаттар санын қамтитын құжат
Қорытынды аттестаттау (Qualification Examination)	Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес студенттің (бітірушінің) құзыреттілік деңгейін айқындау үшін дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, жазу және қорғау, оның нәтижелері бойынша бакалавр дипломы беріледі
Қорытынды бақылау немесе емтихан (Final Examination)	Емтихан сессиясы кезеңінде пәнді оқу аяқталғаннан кейін жазбаша емтихан нысанында жүргізілетін білім алушының оқу жетістіктерін тексеру. Маңызды басқа нысандар, мысалы, СҒЗЖ - курстық жоба үшін. Қорытынды аттестаттау СҒЗЖ немесе курстық жобаны рәсімдеу мен қорғауды қамтиды.

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 7-беті
-----------------------	--	------------------

<b>Термин</b>	<b>Анықтамасы</b>
Кұзыреттер	Білім алушылардың оқу процесінде алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын кәсіби қызметте қолдана білу қабілеті
Кредит (CreditHour)	Білім алушының / оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі. Бір кредит академиялық кезең бойы білім алушының аптасына аудиториялық байланыс жұмысының 1 академиялық сағатына тең. Әрбір аудиториялық сағат СӨЖ 2 сағат (100 минут) сүйемелденеді.
Кредиттік оқыту технологиясы (CreditEducation)	Білім алушы мен оқытушының оқу жұмысының көлемін біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушының пәндерді оқу жүйелілігін таңдау және өзіндік жоспарлау негізінде оқыту.
Major/Minor	Диплом берілетін 240 кредиттен кем емес көлемде негізгі білім беру бағдарламасы / дипломға қосымша берілетін 24 кредиттен кем емес көлемде қосымша білім беру бағдарламасы.
Бағдарлама модулі / Module	Студентке бағдарлама шеңберінде оқудың аяқталған сатысын алуға мүмкіндік беретін пәндердің органикалық байланысқан көлемі
Білім алушылар / студенттер	Бакалавриат бағдарламасы бойынша оқитын тұлғалар
Міндетті пәндер (Core Subjects)	Барлық студенттер міндетті түрде МЖМБС стандарттарына сәйкес, сондай-ақ Университеттің таңдауы бойынша оқитын пәндер
Білім беру бағдарламасы (Curriculum Program)	Major оқыту шеңберінде бакалавр академиялық дәрежесін және Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-деңгейдегі құзыреттер жиынтығын бере отырып, тыңдаушыны даярлау үшін ҚР ҒжЖБМ Ұлттық Жоғары білім беруді дамыту орталығының білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламасы
Тіркеу кеңсесі (Office of the Registrar)	Білім алушыларды оқытылатын пәндерге тіркеумен, олардың барлық оқу жетістіктерін бүкіл оқу кезеңі ішінде тіркеумен айналысатын, білімді межелік және қорытынды бақылауды ұйымдастыруды және академиялық рейтингті есептеуді қамтамасыз ететін қызмет
Пәнді қайталап оқу (ритейк/ Retake)	«Қанағаттанарлықсыз» («F») қорытынды бағасын алған жағдайда пәнді қайта өту
Пререквизиттер / постреквизиттер (Prerequisites / Postrequisites)	Оқытылатын пәннің алдында меңгеруге міндетті пәндер/Оқытылатын пәннен кейін меңгеруге міндетті пәндер
Проктор (Proctor)	Университет қызметкерлерінің ішінен емтихан өткізу қағидаларының сақталуына жауапты тәуелсіз бақылаушы

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 8-беті
-----------------------	--	------------------

<b>Термин</b>	<b>Анықтамасы</b>
Пәннің бағдарламасы (Syllabus)	Оқытылатын пәннің сипаттамасын, мақсаттар мен міндеттерді, қысқаша мазмұнын, студент алатын білім мен дағдылардың тізбесін, әр сабақтың тақырыбы мен ұзақтығын, өз бетінше жұмыс істеу тапсырмаларын, кеңсе сағаттарының уақытын, оқытушының талаптарын, білімді бағалау критерийлерін, жұмыстарды тапсыру кестесін және пайдаланылатын әдебиеттер тізімін қамтитын оқу бағдарламасы
Жұмыс оқу жоспары (Curriculum)	Кредиттер саны, пәндерді зерделеу реттілігі, оқу сабақтарының түрлері мен бақылау нысандары көрсетілген міндетті компонент пен таңдау компонентінің оқу пәндерінің толық тізбесін қамтитын құжат
Межелік бақылау немесе аралық аттестаттау (Midterm и Endterm)	Оқу пәнінің бөлімі (модулі) аяқталғаннан кейін білім алушының оқу жетістіктерін тексеру; осы пәннің оқытушысы жүргізеді. Межелік бақылау санын оқытушы анықтайды, бірақ әдетте олар екі - Midterm және Endterm
Семестр	Емтихандық сессияны есептемегенде, 15 оқу аптасынан тұратын академиялық оқу кезеңі
GPA үлгерімінің орташа балы (GradePointAverage)	Таңдалған академиялық кезеңдегі бағдарлама бойынша білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің орташа алынған бағасы (кредиттік сағаттар көбейтінділері сомасының пән бойынша қорытынды бақылауды бағалау балдарының цифрлық баламасына ағымдағы оқу кезеңіндегі кредиттердің жалпы санына қатынасы)
Ағымдағы бақылау	Пәннің оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес ағымдағы сабақтарда оқытушы жүргізетін білім алушының оқу жетістіктерін жүйелі тексеру
Триместр	Емтихан сессиясын есептемегенде 10 оқу аптасынан тұратын академиялық оқу кезеңі
Оқу пәні / Course	Оқу процесіне қатысты бөлігінде осы Қағидаларда және Университеттің өзге де ішкі құжаттарында белгіленген талаптар мен нормалардың жиынтығы
Эдвайзер (Advisor)	Тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық мәселелері бойынша консультант функциясын орындайтын, бүкіл оқу кезеңінде студенттің білім беру траекториясын таңдауына және білім беру бағдарламасын меңгеруіне жәрдемдесетін оқытушы
Емтихан сессиясы	Өткен пәндер бойынша қорытынды бақылауды тапсыру үшін қажетті академиялық оқу кезеңінен кейінгі академиялық кезең (семестр, триместр)



Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 9-беті
-----------------------	--	------------------

### 3 Жалпы ережелер

3.1 Университет кредиттік оқыту технологиялары бойынша жоғары білім беру (бакалавриат) бағдарламалары бойынша мамандар даярлауды жүзеге асырады, оның негізгі міндеті оқу процесін регламенттеу және кредит түрінде білім көлемін есепке алу шеңберінде білім беру траекториясын таңдау негізінде білім алушылардың өзін-өзі ұйымдастыру және өзіндік білім алу қабілеттерін дамытудан тұрады. Білім беру бағдарламалары Ұлттық біліктілік шеңберіне, Еуропалық біліктілік шеңберімен және салалық біліктілік шеңберімен келісілген Дублин дескрипторларына сәйкес әзірленеді. Жоғары білімнің бірінші деңгейіндегі (бакалавриат) Дублин дескрипторлары оқудың қол жеткізілген нәтижелерінде көрсетілген игерілген құзыреттерді көрсетеді.

3.2 Осы Қағида 1-бөлімде көрсетілген нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленген және студенттерді кредиттік оқыту технологиялары бойынша Университетте оқыту тәртібін айқындайды, білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу, сондай-ақ ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу, білім алушылардың практикадан өтуін ұйымдастыру, мемлекеттік стипендияны ауыстыру, қайта қабылдау, оқудан шығару, мемлекеттік шәкіртақы тағайындау тағайындау, білім алушылардың білімін бағалау және т.б. тәртібін регламенттейді.

3.3 Білім беру бағдарламасы жалпы мәдениетті қалыптастыру, тұлғаны қоғамдағы өмірге бейімдеу міндеттерін шешуге, «бакалавр» академиялық дәрежесін бере отырып, таңдаған мамандықты саналы түрде таңдау және меңгеру үшін негіз жасауға бағытталған.

3.4 Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі әрбір оқу пәні бойынша оқу жылы ішінде игерілетін кредиттермен өлшенеді. 1 академиялық сағат 50 минутты құрайды, 1 академиялық кредит студенттің байланыс (аудиториялық) академиялық сағаттарының 15 өзіндік жұмысының 15 академиялық сағатын құрайды.

3.5 Оқу пәндерінің саны білім беру бағдарламаларының оқу жұмыс жоспарларында көрсетіледі. Білім алушының әрбір пән бойынша оқу жұмысының көлемі, әдетте, 5 кредитті (сирек - 4 кредит) құрайды. Әрбір пән, әдетте, бір академиялық кезең ішінде оқытылады.

3.6 Оқу жылы академиялық кезеңнен (семестр), аралық аттестаттаудан (емтихан сессиясы), қорытынды аттестаттаудан (бітіруші курс үшін), практикалар мен демалыстардан тұрады.

ҚазҰТЗУ-дағы академиялық кезең ұзақтығы 15 апта болатын бір семестрді немесе ұзақтығы 7 апта болатын бір триместрді және емтихан сессиясының кемінде 1 аптасын құрайды.

3.7 Жазғы модульдің ұзақтығы 6 апта: теориялық оқытудың 5 аптасы, емтихандардың 1 аптасы. Жазғы модульде пәнді ашу үшін қажетті студенттердің ең аз саны - 8 адам. Білім алушы жазғы модульге

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 10-беті
-----------------------	--	-------------------

15 академиялық кредитті (3 пән) таңдай алады.

Алдыңғы академиялық кезеңдер үшін қаржылық берешектері болған жағдайда жазғы модульге тіркелуге жол берілмейді.

Жазғы модуль білім алушылардың мынадай топтары үшін ақылы негізде ғана ұйымдастырылады (бітіруші курсты қоспағанда):

1) Университетке шақырылған жетекші ғалымдар мен профессорлар өткізетін пәндерді, оның ішінде алыс шет елдердің мамандарын, ұлттық, халықаралық компаниялардың өкілдерін және т.б. жүргізетін пәндерді оқығысы келетіндер үшін;

2) қанағаттанарлықсыз («F») бағалары бар білім алушылар үшін;

3) өз GPA-ларын көтеру үшін пәндерден қайта өткісі келетіндер;

4) академиялық демалыстан оралған, оқу жоспарларындағы айырмашылық бар, ауыстырылған, қайта қабылданған студенттер үшін.

3.8 Қысқы модульдің ұзақтығы 6 апта: теориялық оқытудың 5 аптасы, емтихандардың 1 аптасы. Қысқы модульде пәнді ашу үшін қажетті студенттердің ең аз саны - кемінде 7 адам. Білім алушы қысқы модульге 10 академиялық кредит (2 пән) таңдай алады.

3.9 Оқу жылы (курсы) білім алушының (студенттің) оқуға түсу жылымен айқындалады. Оқу мерзімін тыңдаушы (студент) таңдалған оқу траекториясы негізінде дербес айқындайды, бірақ академиялық демалысқа үзілісті есептемегенде теориялық оқудың 7 жылдан аспауы тиіс.

3.10 Каникул білім алушыларға әрбір академиялық кезеңнен кейін беріледі. Оқу жылындағы жалпы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 15 аптаны құрауы тиіс. Егер студент жазғы семестрде оқитын болса, онда каникул уақытының ұзақтығы тиісінше қысқартылады.

3.11 Білім беру процесінің аяқталуының негізгі өлшемі білім алушының оқу жоспары бойынша талап етілетін білім беру бағдарламасының көлемі кемінде 240 академиялық кредит болатын кредиттер санын игеруі болып табылады.

3.12 Білім алушы оқу тәртібін сақтауға, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысуға міндетті. Сабақтарды өткізіп алған жағдайда кез келген тәсілмен (телефон, факс, хат, E-mail және т.б.) өткізіп алу себептері туралы институт дирекциясын, эдвайзерді дереу хабардар ету.

3.12.1 Студент пән бойынша оқу сабақтарының 20%-дан астамын өткізіп алған жағдайда, оқытушы студентке «F» бағасын қоя алады.

3.12.2 Академиялық үлгермеушілікті болдырмау үшін (оның ішінде мемлекеттік білім беру грантын сақтау мақсатында) студенттерге оқу сабақтарын ұзақ уақыт (20%-дан астам) өткізіп алған жағдайда, осы Қағидаларда және ҚР заңнамасында белгіленген және осы Қағиданың 12-бөлімінде көрсетілген тәртіпте академиялық демалыстарды ресімдеу ұсынылады.

3.13 Академиялық берешегі (қарыздары) бар студент ОЖЖ бекітілген білім беру бағдарламасына сәйкес семестрдегі кредиттердің жалпы

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 11-беті
-----------------------	--	-------------------

көлемінен асып кеткен жағдайда, ақылы негізде тиісті пәндерден қайта өтуі тиіс.

3.14 Шетелдік ЖОО-ларда студенттердің алмасу жөніндегі халықаралық алмасу білім беру бағдарламалары не ҚазҰТЗУ-дың серіктестік бағдарламалары негізінде оқитын студенттерге білім беру бағдарламасының оқу жоспарына сәйкес келетін пәндер бойынша шетелде оқу кезеңінде жинаған кредиттері белгіленген тәртіппен есептеледі. Алдыңғы академиялық кезеңдер үшін қаржылық берешегі болған кезде студенттің академиялық алмасу бағдарламаларына қатысуына жол берілмейді.

#### **4 Білім алушылардың білім беру траекториясын таңдау рәсімі**

4.1 Білім алушы өзінің білім беру бағдарламасын білім беру бағдарламасының оқу жоспары және элективті пәндер каталогы (ЭПК) шеңберінде жасалатын жеке оқу жоспары (ЖОЖ) нысанында дербес жасайды. Білім алушы тиісті білім деңгейін меңгеру үшін оқу жоспары бойынша талап етілетін кредиттер санын жинай отырып, өзінің ОЖЖ-ын орындауға міндетті.

Білім алушы ОЖЖ жасауға және білім беру бағдарламасының оқу жоспарының талаптарына сәйкес оқу курсына толық меңгеруге жауапты болады.

Бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша оқу мерзімі 4 жылды (шығармашылық мамандықтар бойынша 5 жыл) құрайды. Колледж базасында оқуға түскен білім алушылар үшін оқу мерзімі 3 жылды құрайды. НЗМ түлектері білім беру ұйымдарында бұрын оқытылған пәндердің кредиттерін қайта тапсыруды ескере отырып, оқуды жеделдетілген режимде аяқтау мүмкіндігіне ие болады.

Университет техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім базасында қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқитын адамдарға ЖББП циклінің оқу пәндері бойынша бұрын игерілген оқу нәтижелерін тануды жүзеге асырады. Бұл ретте техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқитын адамдар «Қазақстан тарихы» пәнін оқиды.

Техникалық және кәсіптік білімнің, орта білімнен кейінгі білімнің, сондай-ақ жоғары білімнің білім беру бағдарламалары базасында оқуға түсу кезінде және жоғары білімнің білім беру бағдарламасының бейіні және (немесе) жоғары білімнің, техникалық және кәсіптік білімнің немесе орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламасымен сәйкестігі кезінде ресми білімнің алдыңғы деңгейіндегі оқу нәтижелері автоматты түрде танылады, игерілетін академиялық кредиттердің саны және оқу мерзімі қысқартылады.

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 12-беті
-----------------------	--	-------------------

4.2 ОЖЖ білім алушымен эдвайзердің және қажет болған жағдайда кафедра меңгерушісінің қолдауымен әрбір академиялық кезеңге қалыптастырылады. Эдвайзердің басты міндеті – білім алушыға бұрын игерілген пәндерді қайта есептеу, пәндерді таңдауда қиындықтың дұрыс деңгейін таңдау мүмкіндігін ескере отырып, оқытудың оңтайлы траекториясын таңдауға көмек көрсету. Бітіртуші кафедра меңгерушісі білім алушыларға олардың жеке оқу жоспарын қалыптастыру мәселелері бойынша кеңес береді және бұрын өткен пәндер бойынша бағасын көрсете отырып, кредиттерді қайта есептеу үшін трансферттерді ресімдейді. Эдвайзерлердің тізімі тиісті институт директорының өкімімен бекітіледі.

4.3 Өзінің ОЖЖ-ын жасау кезінде білім алушы:

- кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларымен танысу;

- оқу пәндеріне тіркеудің белгіленген мерзімдерін сақтауға міндетті.

4.4 Білім алушы тиісті білім деңгейін меңгеру үшін оқу жоспары бойынша талап етілетін кредиттер санын ала отырып, өзінің жеке оқу жоспарын орындауға міндетті.

Білім алушының ОЖЖ-ға енгізілетін кредиттер саны білім алушының тиісті академиялық кезеңге арналған білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарында белгіленген кредиттер санына сәйкес ұсынылады. Қажет болған жағдайда студент қосымша пәндерге, оның ішінде ақылы негізде, бірақ семестрге 35 кредиттен аспайтын мөлшерде тіркеле алады. 3,5 және одан жоғары кумулятивті GPA бар студенттер үшін көрсетілген лимиттен тыс тағы бір пәнді алуға болады.

4.5 Элективті базалық пәндерді таңдау білім алушының еркін таңдауы кезінде кәсіптік бағдарын ескере отырып жүзеге асырылады; бұл ретте білім алушының ЖОЖ-ы Minor қосымша бағдарламасы бойынша көлемді жинау үшін басқа білім беру бағдарламалары бойынша базалық пәндер блогында мәлімделген пәндерді де қамтуы мүмкін.

4.6 Қалыптастырылған ОЖЖ Университеттің порталында студент растайды және оны эдвайзер қарайды. Ескертулер болмаған жағдайда эдвайзер ОЖЖ-ды порталда растайды, қажет болған жағдайда оны Тіркеу кеңсесінің қызметкерімен және кафедра меңгерушісімен келіседі.

Тіркеу кеңсесі ОЖЖ жасау процесінің уақтылығына мониторинг жүргізеді.

4.7 Білім алушы білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспары шеңберінде пәндер құрамы бойынша ОЖЖ-ды ерте жылдық тіркеу кезеңінде өзгертуге және ОЖЖ-ға Add/Drop өзгерістер енгізуге құқылы. Add/Drop кезеңінде ОЖЖ түзету оқуға қайта қабылданған немесе басқа оқу орындарынан ауыстырылған студенттер үшін ұсынылады. Сондай-ақ алдыңғы академиялық кезеңдерде пререквизиттерді меңгермеген білім алушылар ОЖЖ-ға тиісті постреквизиттерге қатысты өзгерістер енгізуі тиіс.

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 13-беті
-----------------------	--	-------------------

Add/Drop кезеңі басталғанға дейін білім алушыларда оқу сабақтарының кестесі қалыптастырылғандықтан, ОЖЖ-ға сабақ кестесінде қосымша жазулар тудыратын өзгерістер енгізу мүмкін емес.

Ерте жылдық тіркеу басталар алдында кафедра болашақ академиялық кезеңге арналған элективті пәндер каталогын қалыптастырады және оны Тіркеу кеңсесіне жібереді.

4.8 Кафедралар студенттерге тіркеу кезеңі басталғанға дейін эдвайзерлер (басшылар) арқылы элективті пәндердің саны мен қысқаша сипаттамасы туралы толық ақпарат беруге міндетті.

4.9 Кафедралар тіркеу кезеңі басталғанға дейін пәндердің сипаттамасын порталда орналастыруға, ал сабақтың алғашқы күндерінен бастап әрбір академиялық кезеңде пәндердің толық Оқу-әдістемелік кешенін (ПОӘК) орналастыруға міндетті. Білім беру бағдарламасының толық сипаттамасы Университеттің сайтында ұсынылуы тиіс.

4.10 Кредиттік оқыту технологиясы жағдайында білім алушының өзіндік жұмысына үлкен мән беріледі: студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ), оқытушының басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысы (СОӨЖ). Білім алушы жеке тапсырмаларды, курстық және басқа да зерттеу жобаларын өз бетінше орындау, кейстерді және т.б. талдау дағдыларын меңгеруі тиіс. Дербес оқыту байланыстағы аудиториялық оқыту көлемінен кем емес көлемде орындалуы тиіс. Өзіндік жұмыстың барлық түрлері пән силлабустарында нақты тапсырмалар мен бағалау критерийлері көрсетілген. Оқу тапсырмаларының барлық түрлерінің әдістемелік нұсқауларында бағалау критерийлерін көрсете отырып, оқытушының тапсырмалары мен оларды орындауға қойылатын талаптары сипатталады.

Орындалған оқу тапсырмаларын, егер тапсырудың өзге нысаны пән силлабусымен көзделмесе, студенттер жазбаша түрде қағаз және/немесе электрондық тасымалдағыштарда тапсырады.

4.11 СОӨЖ кеңсе-сағаттары шеңберінде жүргізіледі. Кеңсе-сағаттардың кестесін кафедра оқытушылар ұсынған деректердің және студенттердің сабақ кестесінің негізінде жасайды, оны тиісті институттың директоры бекітеді, кафедралардың ақпараттық стендтерінде ілінеді және оқытушылардың силлабустарында көрсетіледі. Кеңсе-сағаттар саны: әрбір штаттағы оқытушы үшін аптасына 4 байланыс сағаты (СӨЖ және СОӨЖ).

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 14-беті
-----------------------	--	-------------------

## 5 Оқу пәндеріне тіркеу

5.1 Семестр пәндеріне білім алушыларды тіркеу (Enrollment) эдвайзерлердің, кафедралар мен институттардың әдістемелік және консультациялық көмегі кезінде ТК ұйымдастырылады. Тіркеуді өткізу мерзімі академиялық күнтізбеде көрсетіледі.

5.2 Білім алушылар қатаң түрде академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімде ҚазҰТЗУ оқу порталында онлайн режимінде пәндерге тіркеу жүргізуге міндетті. Университет порталында тіркелу үшін білім алушы ҚазҰТЗУ порталында орналастырылған нұсқаулықпен танысуы қажет.

5.3 Тіркеу басталғанға дейін білім алушы жеке траекторияны жасау үшін эдвайзерлерге жүгіну қажет. Эдвайзер білім беру бағдарламасының оқу жоспары және таңдау бойынша пәндер каталогы аясында пәндерді таңдау мәселелері бойынша білім алушыларға кеңес береді және түсініктеме береді.

5.4 Кредиттік оқыту технологиясына оқытудың 1-жылының студенттерін енгізу мерзімі академиялық күнтізбеде көрсетілген бағдар аптасы кезеңінде жүргізіледі. Бұл кезеңде Кредиттік оқыту технологиясымен (КОТ) жалпы танысу жүзеге асырылады, институт директорларымен, кафедра меңгерушілерімен, эдвайзерлермен және әкімшілік өкілдерімен кездесулер өткізіледі. ҚазҰТЗУ-дың әрбір студентіне порталдың ішкі желісіне кіре алатын сәйкестендіру нөмірі беріледі.

5.5 Тіркеу екі кезеңде жүргізіледі:

- 1 кезең – Студенттің жеке оқу жоспарын қалыптастыруы – пәнге тіркелу, онда студенттің пән мен оқу тілін таңдауына болады;

- 2 кезең – студенттің өзіндік сабақ кестесін қалыптастыруы-студенттер өз кестесін қалыптастыра алады, онда олар 1-кезеңде таңдалған ОЖЖ пәндері санынан оқытушыны таңдау мүмкіндігіне ие болады.

Университетке жаңадан түскен білім алушылар үшін порталдың ішкі желісіне қол жеткізу үшін негіз болып табылады:

- ҚазҰТЗУ-ға қабылдау туралы бұйрық;

- семестр үшін төлем (егер оқу ақылы негізде жүзеге асырылса).

Университеттің оқу порталының ішкі желісінде 1-ші оқу жылының студенттері бірінші академиялық кезеңге дайын кесте алады. Екінші және кейінгі академиялық кезеңдерге пәндерге тіркеу белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

5.6 Қалған білім алушылар келесі академиялық кезеңдегі пәндерге тіркеледі және академиялық күнтізбенің мерзіміне және алдыңғы академиялық кезеңнің соңына сәйкес пәндерді қайта өту (ритэйк) (1-кезең) келесі академиялық кезеңнің кестесіне тіркеледі (2-кезең).

Тіркеуге қол жеткізу үшін қандай да бір пәнді оқу үшін талап етілетін барлық пререквизиттерден өту негіз болып табылады.

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 15-беті
-----------------------	--	-------------------

Кезекті академиялық кезеңнің басында білім алушы университет порталында бұрын өз ОЖЖ енгізген пәндер бойынша оқу сабақтарының кестесін қалыптастырады.

5.7 Академиялық кезеңнің бірінші аптасында (Add/Drop) білім алушы таңдау бойынша пәндерді, сабақ кестесін және оқытушыны өзгерте алады. Кестеге өзгеріс студент тек Тіркеу кеңсесі арқылы ғана енгізе алады. Студент пәнді немесе сабақ уақытын өзгертуге өтінімді (өтінім нысаны интранетте қойылған) толтырып, ТК тапсыру керек. Өтінім бар кесте жапсырмасы болмаған жағдайда және топтарда бос орындар саны жеткілікті болған жағдайда студенттің кестесіне тиісті өзгерістер енгізіледі. Бұл ретте сабақ кестесі бойынша қатысу қатаң түрде міндетті.

Өтінімдер «Add / Drop» қайта тіркеу кезеңінде ғана қаралады.

5.8 Білім алушыға (студентке) білім беру бағдарламасының оқу жоспарында көзделген кредиттер санына тіркелу ұсынылады.

5.9 Студенттің академиялық кезеңде ала алатын кредиттерінің ең көп саны білім беру бағдарламасының оқу жоспарында көзделген кредиттер санына сәйкес ұсынылады және әдетте семестрде 30 кредитті құрайды.

Мінор қосымша бағдарламасын меңгеруге ниет білдірген студенттер Университетте оқу шеңберінде қосымша БББ бойынша кемінде 20, бірақ кемінде 30 кредитті игеруге міндетті.

5.10 Мемлекеттік білім беру гранты, ҚазҰТЗУ гранты негізінде, ақылы негізде, компаниялар мен әртүрлі ұйымдардың гранттарында білім алушылар үшін пәндерді қайта зерделеу (ритэйк), кейінге қалдырылған пәндерді зерделеу бекітілген ОЖЖ білім беру бағдарламасына сәйкес **семестрдегі кредиттердің жалпы көлемі артқан** жағдайда ақылы негізде жүзеге асырылады.

Ритэйкке тіркеу Академиялық күнтізбеге сәйкес «Add/Drop» қайта тіркеу кезеңінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

5.11 Студенттердің академиялық ағымдары осы пәнге жазылған білім алушылардың жеткілікті саны қағидаты бойынша қалыптасады. Топтың ең аз толықтырылуы – 8-ді құрайды.

5.12 Оқу сабақтарының кестесін түзету академиялық кезеңнің басынан бастап 2 апта ішінде рұқсат етіледі.

Көрсетілген кезеңде оқытушылар кестесіне өзгерістер енгізілуі мүмкін. Оқытушылар кестені өзгертуге рұқсатты кафедра меңгерушісінің, Тіркеу кеңсесінің басшысымен және осы пәнге тіркелген студенттермен келісе отырып, тиісті институт директорынан алады.

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 16-беті
-----------------------	--	-------------------

## **6 Білім алушының оқу жетістіктерін бақылау**

6.1 Білім алушылардың оқу жетістіктері – білім алушылардың оқу процесінде алатын және тұлғаның қол жеткізілген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерлігі, дағдысы мен құзыреті.

6.2 Білім алушылардың (студенттердің) оқу тапсырмалары мен тапсырмаларының барлық түрлері бойынша оқу жетістіктері жоғары оқу орындарындағы білімді бақылау және бағалау бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.

6.3 Студенттердің үлгерімін ағымдағы бақылау оқу пәнінің әрбір тақырыбы бойынша жүргізіледі және аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда білімін бақылауды қамтиды. Ағымдағы бақылауды бағалау (жіберу рейтингін бағалау) аудиторлық сабақтардағы ағымдағы бақылау бағаларынан және межелік бақылау бағаларынан құралады.

6.4 Пән бойынша қорытынды баға ағымдағы үлгерім бағасын және аралық аттестаттауды қамтиды. Студенттің сабаққа қатысуы міндетті. Студенттердің сабаққа қатысуын бақылауды оқытушы жүзеге асырады.

6.5 Оқу сабағы өткізілген күннен бастап 7 күннен кешіктірмей оқытушы ағымдағы бақылау бағасын және қатысу туралы мәліметтерді қоя отырып, Университет порталында электрондық қатысу журналын толтыруға міндетті. Электрондық журнал – студенттің сабаққа қатысуын және оның үлгерімін көрсететін ресми құжат.

Оқытушылардың электрондық журналды уақтылы толтыруын бақылауды кафедра меңгерушісі қамтамасыз етеді, Тіркеу кеңсесі тиісті мониторинг жүргізеді.

6.6 Межелік бақылау бір оқу пәні шеңберінде бір академиялық кезең ішінде кемінде екі рет жүргізіледі.

Екі межелік бақылау: 1-межелік бақылау (Midterm) - семестрдің 8-аптасында (триместрдің 5-аптасы), 2-межелік бақылау (Endterm) - Академиялық күнтізбеге сәйкес семестрдің 15-аптасында көзделген. 1-межелік бақылаудың нәтижелері (бақылау жүргізу сәтінде білім алушылардың жинаған балдарының саны) электрондық ведомосқа межелік апта сабағы аяқталғаннан кейін 7 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. 2-межелік бақылау нәтижелері электрондық ведомосқа межелік апта аяқталғаннан кейін 7 күнтізбелік күн ішінде, бірақ осы пән бойынша емтихан тапсырғанға дейін 1 тәуліктен кешіктірмей енгізіледі.

6.7 Білім алушыларды аралық аттестаттау – оқу пәні бағдарламасына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерлігі, дағдысы мен құзыреті) деңгейін оны оқуды аяқтағаннан кейін бағалау рәсімі.

6.8 Білім алушыларды аралық аттестаттау кезеңі емтихан сессиясы деп аталады. Университетте әрбір академиялық кезең аяқталғаннан кейін емтихан сессиясы белгіленеді. Әрбір сессияны өткізуге 3 аптадан аспайтын уақыт



Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 17-беті
-----------------------	--	-------------------

беріледі.

Емтихан сессиясының кезеңділігі мен ұзақтығы білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарына және Университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен Академиялық күнтізбеге сәйкес айқындалады.

6.9 Емтихан сессиясын ұйымдастыруды Тіркеу кеңесі жүзеге асырады. Емтихан кестесі жасалады, оны жетекшілік ететін проректор емтихан сессиясы басталғанға дейін 4 аптадан кешіктірмей бекітеді. Бұдан басқа, ТК емтихан сессиясын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ереженің қағидаларын сақтау мәніне емтихандар мониторингін жүргізеді.

6.10 ТК прокторларды институт директорларының келісімінсіз тағайындайды. Бұл ретте емтиханға шығарылатын пән бойынша сабақ өткізбеген кафедралардың оқытушылары және Университеттің оқу және оқу-әдістемелік бөлімшелерінің менеджерлер құрамының өкілдері ғана қандай да бір пән бойынша емтиханда проктор бола алады. Емтихан ағындарының санына байланысты ТК қосымша прокторлар тағайындай алады.

6.11 Емтихандар, әдетте, жазбаша түрде (проблемалық және ахуалдық сипаттағы сұрақтармен), ауызша, тестілеу нысанында, компьютерлік жұмыс түрінде, жобалық жұмыс түрінде (білім алушылардың бір немесе бір тобы бір жобалау жұмысын орындайды және комиссия алдында бірлескен жұмысты қорғайды), аралас нысанда (емтихан бірнеше кезеңде өткізіледі), кешенді түрде (бір мезгілде бірнеше аралас пәндер бойынша білімді тексеру) немесе курстық жобаны қорғау нысанында өткізіледі. Тапсырмалардың типтері «дұрыс/дұрыс емес», көп таңдау, міндеттерді шешу, жобаларды орындау, ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жобаны орындау, эссе жазу және т.б. сұрақтардан тұруы мүмкін. Емтихан ұзақтығының жалпы уақытын емтихан алушы белгілейді. Емтиханның ұзақтығы үш (3) сағаттан аспауы тиіс.

Сараланған сынақтар білім алушының зертханалық және есептеу-графикалық жұмыстарды, курстық жобаларды (жұмыстарды), ҒЗТКЖ-ны сәтті орындауын, сондай-ақ бекітілген бағдарламаға сәйкес кәсіптік практикадан және дене шынықтырудан өтуін тексеру нысаны болып табылады.

ҚазҰТЗУ нормативтік құжаттарымен өзге де мемлекеттік емтихандарды ұйымдастыру мен өткізудің ерекше тәртібі белгіленуі мүмкін.

6.12 «Дене шынықтыру» пәні үшін бақылау түрі сараланған сынақ болып табылады. Бағалау ҚазҰТЗУ-да қабылданған бағалау шкаласына сәйкес балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша жүзеге асырылады. Сараланған есепке алуды бағалау GPA есептеу кезінде ескеріледі.

Қазақстан Республикасының спорт шеберіне кандидат, Қазақстан Республикасының спорт шебері, Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері атақтары бар студенттер Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 18-беті
-----------------------	--	-------------------

берген растайтын куәлік негізінде автоматты түрде оқудың барлық кезеңінде А (100) әріптік бағасын қоя отырып, «Дене шынықтыру» пәні бойынша сабақтарға қатысудан босатылады.

Университеттің Спорт клубының спорт секцияларында шұғылданатын студенттер «Дене шынықтыру» пәні бойынша сабақтарға қатысудан босатылады, алайда оқу нәтижелерін бағалау Университеттің спорт секцияларына қатысудың негізінде КОТ қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

6.13 Практика бойынша аралық аттестаттауды (кәсіпорыннан/ұйымнан практика жетекшісінің, ҚазҰТЗУ-дан практика жетекшісінің пікірін ескере отырып) практика бойынша есептерді қорғауды қабылдайтын комиссия жүргізеді.

Оқу немесе оқу-өндірістік практика, өндірістік практика бойынша есепті тапсыру және қорытынды бағаны порталдағы электрондық тізімдемеге қою мерзімі – келесі оқу семестрі басталғанға дейін 1 ай ішінде.

Практика бойынша қорытынды ведомостар ағымдағы оқу жылында жабылуы тиіс, өйткені практика бойынша бағалаудың белгіленген балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша сараланған сынақпен қорытынды бағалау нәтижесі басқа пәндердің нәтижесімен қатар GPA-ға және студенттерді курстан курсқа ауыстыруға әсер етеді. Практика бойынша қорытынды бақылау бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған кезде студентке практиканың тиісті түрі бойынша кредиттер есептелмейді.

6.14 Студенттерді аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу Тіркеу кеңсесіне жүктеледі. Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша ТК студенттердің академиялық рейтингін жасайды. Емтихан тізімдемелері Тіркеу кеңсесінде сақталады.

6.15 Білім алушыларды пән бойынша емтиханға жіберу автоматты түрде жүзеге асырылады:

- үлгерімді ағымдағы және межелік бақылау нәтижелері бойынша айқындалатын рұқсат беру рейтингінің бағасы негізінде (екі аттестаттау үшін қажетті семестрлік балдардың жалпы саны кемінде 25);

- оқу ақысы бойынша берешегі жоқ;

- пән бойынша оқу сабақтарының 20%-дан астамы өткізілмесе;

- академиялық демалыста болмағандар.

6.16 Студент белгіленген мерзімде, кешіктірмей бекітілген кестеге сәйкес емтиханға/сынаққа келуге міндетті; Жеке куәлік үшін ID картасын көрсету қажет. Емтихандарды онлайн форматта тапсырған кезде студент камераны қосуға және өзін ID картамен сәйкестендіруге міндетті. Студент емтихан сессиясын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ережені қатаң сақтауға міндетті.

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 19-беті
-----------------------	--	-------------------

## **7 БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ. GRA ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ**

7.1 Білім алушылардың білімін бағалау ҚазҰТЗУ-ға қабылданған білім алушылардың білімін бағалаудың төменде келтірілген шкаласына сәйкес бағалаудың дәстүрлі жүйесіне тиісті аударып, балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша жүзеге асырылады.

Білім алушылардың емтихан тапсыру нәтижелері бойынша алған бағаларын оқытушы емтихан тізімдемесіне қояды және «Тіркеу кеңсесі» порталының деректер базасына енгізеді. Оқытушы қол қойған емтихан тізімдемесі (қағаз нұсқасында) ТК-ге ұсынылады және бұдан әрі тізімдемеге қойылған бағаларды өзгертуге болмайды. Студенттердің академиялық көрсеткіштерін есепке алу кезінде қағаз нұсқасындағы қорытынды тізімдеме негізге алынады.

**Білім алушыларға бағаларды (балдарды) көтеру, тест тапсырмаларына дұрыс жауаптар алу мақсатында және басқа да белгіленген тәртіпке қайшы келетін мақсаттармен оқытушылардың компьютерлеріне, электрондық деректер базасына және Университеттің өзге де құжаттарына (журналдар, тізімдемелер және т.б.) өз бетінше (рұқсатсыз) қол жеткізуге үзілді-кесілді тыйым салынады. Осындай тәртіптік теріс қылық жасалған жағдайда, студент Университеттен шығарылады.**

7.2 Пән бойынша қорытынды баға ағымдағы үлгерім бағасы мен емтиханды қамтиды. Ағымдағы үлгерім бағасы (жіберу рейтингі) пән бойынша білімнің қорытынды бағасының 60%-ын, емтихан бағасы осы пән бойынша білімнің қорытынды бағасының 40%-ын құрайды. Осылайша, әрбір пән бойынша қорытынды баға студенттің үлгерімді ағымдағы және межелік бақылау (рейтинг - ең көп дегенде 60 балл) және емтихан (қорытынды бақылау - ең көп дегенде 40 балл) нәтижелері бойынша жинаған балдарының жиынтығы ретінде айқындалады, бұл жиынтықта ең көп дегенде 100 балды құрайды.

Бұл балдарды оқытушы әртүрлі жұмыс түрлері бойынша бөледі. Әрбір жұмыс түрі нақты әзірленген және силлабуста ұсынылған бағалау критерийлеріне сәйкес бағалануы тиіс. **Оқытушының студентті силлабуста немесе емтихан тапсырмасында сипатталмаған критерийлер бойынша бағалауға құқығы жоқ.**

7.3 Оң қорытынды баға игерілген кредиттерді тиісті пән бойынша белгіленген кредиттер санымен толықтыруға негіз болады және білім алушының транскриптіне енгізіледі.

7.4 ҚазҰТЗУ-ға қабылданған білім алушылардың білімін бағалау шкаласы:

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 20-беті
-----------------------	--	-------------------

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Цифрлық баламасы	Балдар	Сипаттамасы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
Стандартты бағалау				
A	4,0	95-100	Оқытылатын курс көлемінен асатын білімнің ең жоғары стандарттарын көрсетеді	«Өте жақсы»
A-	3,67	90-94	Білімнің ең жоғары стандарттарына сәйкес келеді	
B+	3,33	85-89	Өте жақсы және білімнің жоғары стандарттарына сәйкес келеді	«Жақсы»
B	3,0	80-84	Жақсы және білімнің жоғары стандарттарына сәйкес келеді	
B-	2,67	75-79	Жоғары стандарттарға жақындаған жеткілікті білімнен артық	
C+	2,33	70-74	Жалпы стандарттарға сәйкес келетін жеткілікті білім	
C	2,0	65-69	Білімнің жалпы стандарттарының көпшілігін қанағаттандырады және сәйкес келеді	«Қанағаттанарлық»
C-	1,67	60-64	Қанағаттанарлық, бірақ кейбір білім бойынша білім стандарттарына сәйкес келмейді	
D+	1,33	55-59	Ең аз қанағаттандырады, бірақ білімнің үлкен спектрі бойынша стандарттарға сәйкес келмейді	
D-	1,0	50-54	Стандарттарға күмәнді сәйкестігі бар ең төменгі қанағаттанарлық өту балы	
FX	0,5	2 аттестаттау үшін 25 және одан көп балл және емтихан үшін 10-нан 19 балға дейін	Қанағаттанарлықсыз төмен көрсеткіштер, емтиханды қайта тапсыру талап етіледі	«Қанағаттанарлықсыз»
F	0	0-49	Тәртіпті меңгеруге тырыспады. Сондай-ақ студент емтиханда алдау арқылы баға алуға тырысқан кезде қойылады	
Қосымша бағалаулар				
P (Pass )	-	50-100	GPA есептеу кезінде ескерілмейді	«Есептелді»
I (Incomplete)	0	кемінде 25	GPA есептеу кезінде ескерілмейді. Курстың көп бөлігін сәтті аяқтаған,	«Пән аяқталған жоқ»

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 21-беті
-----------------------	--	-------------------

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Цифрлық баламасы	Балдар	Сипаттамасы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
			қорытынды бақылау іс-шараларын дәлелді мән-жайларға байланысты аяқтамаған студентке кафедра меңгерушісінің бекітуімен оқытушы қояды	
NP (No Pass)	-	0-49	GPA есептеу кезінде ескерілмейді, бірақ қорытынды аттестаттауға жіберу кезінде ескеріледі	«Есептелмеген» - F
W (Withdrawal)	-	-	GPA есептеу кезінде ескерілмейді. Студент өз еркімен пәннен бас тартып, оны меңгерген жоқ. Академиялық демалыс алған немесе жүйелі негізде сабаққа қатыспайтын студент осы бағаны автоматты түрде алады	«Пәннен бас тарту»
AW (AcademicWithdrawal)	0	0	GPA есептеу кезінде «F» ретінде ескеріледі. Бағалау студентті академиялық тәртіп пен ережелерді жүйелі түрде бұзғаны үшін оқытушының пәннен алып тастағанын көрсетеді	«Академиялық көрсеткіштер бойынша пәннен әкімшілік алып тастау» - «F» сияқты
AU (Audit)	-	-	GPA есептеу кезінде ескерілмейді. Студентке де, ерікті тыңдаушыға да бағасыз қойылуы мүмкін	«Пән тыңдалды»
IP (In Progress)	-	кемінде 25	GPA есептеу кезінде ескерілмейді. Пәндер үшін ұзақтығы 2 академиялық кезең. Егер студент материалдың көп бөлігін сәтті меңгерген болса, бірінші академиялық кезеңнің соңында қойылады. Толық курс аяқталғаннан кейін стандартты бағаға ауыстырылады	«Жоспар бойынша игеру»

7.5 Білім алушылардың емтиханға келуі қатаң түрде міндетті. Егер пән бағдарламасын толық көлемде орындаған білім алушы емтиханға келмесе, келу парағында оның тегінің тұсына «келмеді» деген белгі қойылады және «F» бағасы қойылады. Дәлелді себеп болған жағдайда студентке «I» деген баға қойылады (7.12-тармақты қараңыз). Келу парағын проктор ТК-ге емтихан күні тапсырады.

7.6 Емтихан нәтижесімен келіспеген білім алушы Университет порталында емтихан нәтижелері шыққан сәттен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті кафедраға апелляция береді.

Апелляцияның себептері:

- тапсырманы қоюдағы қате;

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 22-беті
-----------------------	--	-------------------

- бағаны қосудағы қате;
- силлабуста сипатталмаған критерийлер бойынша бағалаудағы қателік;
- силлабуста сипатталған критерийлер бойынша бағалаудың төмендеуімен толық емес бағалау;
- деректер базасына бағалауды дұрыс енгізу.

7.7 Емтихан сессиясы кезеңінде (аралық аттестаттау) ЖОО бойынша бұйрықпен біліктілігі апелляцияланатын пәндердің бейініне сәйкес келетін оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады.

7.8 Апелляцияның нәтижелері хаттамамен ресімделеді және апелляциялық комиссияның шешімі негізінде студенттің жеке емтихан тізімдемесі жасалады, ол негізгі емтихан тізімдемесіне қоса беріледі. **Апелляциялық комиссияның нәтижелері түпкілікті және өзгертуге жатпайды.**

7.9 Сынақ/емтихан нәтижелерін оқытушы сынақ/емтихан аяқталғаннан кейін 7 күнтізбелік күн ішінде порталға енгізеді. Қағаз нұсқасындағы қорытынды тізімдемелер сынақ/емтихан нәтижелерін ұсынғаннан кейін ТК-ге тапсырылады. Білім алушы жекелеген пәндер бойынша алған оң бағаларын және жалпы GPA-ны арттыру мақсатында ақылы негізде қайта өте алады. Бұл ретте бастапқы алынған бағалар өзгерген бағамен қатар транскриптке енгізіледі; GPA соңғы алынған баға бойынша есептеледі.

– институт директоры Тіркеу кеңсесінің келісімі бойынша оқу кредиттерінің трансфертін жасайды, онда білім алушының оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша оқу кредиттерінің көлемімен бұрын қайта оқылған пәндер, кумулятивті GPA, академиялық айырмашылық көрсетіледі;

– институт директорының, Тіркеу кеңсесінің, академиялық мәселелер жөніндегі проректордың визаларына сәйкес білім алушыны бір оқу түрінен екіншісіне, бір мамандықтан екіншісіне ауыстыру туралы бұйрық шығарады;

– қабылдаушы институттың директоры тиісті кафедра меңгерушісімен бірлесіп, ұсынылған құжаттар негізінде салыстырмалы тізімдеме жасау арқылы оқу жоспарларындағы пәндердің айырмашылығын анықтайды және меңгерілген пәндерге сәйкес Тіркеу кеңсесімен келісім бойынша білім алушының жеке оқу жоспарын белгілейді;

– егер студент бір мамандықтан екіншісіне ауысқан кезде ол ауысатын білім беру бағдарламасының оқу жоспарларында көзделмеген пәндер бойынша «F» бағасы бар болса, онда студентке бұл пәндерді қайта тапсырудың қажеті жоқ;

– Білім алушының жеке жоспарын қалыптастыру кезінде бірінші кезекте академиялық кезеңге белгіленген көлемде басқа пәндермен толықтырылатын келесі пәндердің пререквизиттері болып табылатын академиялық айырмашылық пәндері енгізіледі.

Білім алушыны бір оқу түрінен екіншісіне және Университет ішінде бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыру ақылы негізде жүзеге асырылады.

11.5 Студентті мемлекеттік білім беру грантынан айыру.

11.5.1 Студент мемлекеттік білім беру грантынан айырылады:

- Белгіленген GPA өтпелі балы жиналмады. Мемлекеттік білім беру

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 43-беті
-----------------------	--	-------------------

грантынан айырылған студенттерге ақылы негізде оқу құқығы беріледі;

- білім алушыға Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы берілген жағдайда (бұл ретте студент бұл туралы институт директорына дереу хабарлауға және тиісті өтініш жазуға міндетті);

- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және уәкілетті органдардың шешімдерінде белгіленген басқа жағдайларда.

11.6 ҚазҰТЗУ-дан оқудан шығу.

11.6.1 Білім алушы ҚазҰТЗУ-дан оқудан шығарылуы мүмкін:

1) академиялық үлгермеушілік үшін, келесі жағдайларда:

- академиялық кезеңдегі пәндерге тіркелудің соңғы мерзімін өткізіп алу;

- академиялық кезеңнің барлық пәндері бойынша аттестаттауды және қорытынды бақылауды өткізіп алу;

- қанағаттанарлықсыз баға ала отырып, бір міндетті пәнді төрт рет оқу (оның ішінде 3 рет – «Retake»);

2) академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;

3) Ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін;

- оқу тәртібін жүйелі түрде немесе өрескел бұзғаны үшін, оның ішінде 5 аптадан астам уақыт дәлелді себепсіз оқу сабақтарына қатыспағаны үшін;

- Жарғыны, осы Қағидаларды, Ішкі тәртіп ережелерін, Академиялық адалдық кодексін немесе Университеттің өзге де нормативтік құжаттарын бұзу;

- Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзу;

4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оқу ақысын төлемегені үшін;

5) өз еркімен (оның ішінде басқа ЖОО-ға ауысуына байланысты, медициналық көрсеткіштер бойынша, отбасы жағдайлары бойынша және т.б.);

6) егер студенттің оқу мерзімі ҚР заңнамасында белгіленген ең ұзақ мерзімнен асып кетсе (7 жыл);

7) осы Қағидаларда, Университеттің өзге де ішкі құжаттарында және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша;

8) қорытынды аттестаттауды қорғамаған (кешенді емтихан, дипломдық жұмыс, дипломдық жоба).

11.6.2 ҚазҰТЗУ-дан оқудан шығарылғысы келетін білім алушы ҚазҰТЗУ ректорының атына оқудан шығару туралы өтініш жазып, оны Институт дирекциясына ұсынуы тиіс. Оқудан шығаруға өтініш білім алушылар ҚазҰТЗУ-дан шығу туралы шешім қабылдағаннан кейін дереу беріледі. Студент ҚазҰТЗУ-ға оқу сабақтарына қатысуды тоқтатқан кезде өз еркімен оқудан шығаруға өтініш уақтылы берілмеген жағдайда, білім алушы академиялық үлгермеушілік және/немесе оқу тәртібін бұзғаны үшін емтихан сессиясының (оқу жылының) қорытындысы бойынша оқудан шығарылуы мүмкін. Бұл жағдайда оқуға төленген ақша қаражаты қайтарылмайды.

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 44-беті
-----------------------	--	-------------------

Оқу ақысын, мемлекеттік грантты және стипендияны қаржылық есептеу студенттің институт дирекциясына өтініш берген сәтінен бастап тоқтатыла тұрады, ол екі күндік мерзімде ҚазҰТЗУ-дың Қаржы және есеп департаментіне қаржылық есептеудің тоқтатылғаны туралы хабарлауы тиіс.

Заңды тұлғаның қаражаты есебінен білім алушылар (Тапсырыс беруші) өзінің Университеттен шығу ниеті туралы Тапсырыс берушіге алдын ала хабарлауға міндетті.

11.6.3 Студент оқу сабақтарына тіркелмеген және/немесе қатыспаған және оның болмауының дәлелді себебін растайтын қандай да бір құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Институт дирекциясы студенттің эдвайзерімен бірлесіп, тіркелмеу/қатыспау себептерін анықтау бойынша қажетті шаралар қабылдайды.

Егер сабаққа қатыспаған күннен бастап 2 ай ішінде студент көрсетілген шараларға қарамастан сабаққа кіріспесе, сабаққа қатыспау себептерін растайтын қандай да бір ақпарат пен құжаттарды ұсынбаса, институт директоры студентті оқудан шығару туралы бұйрық шығаруға ұсыныс береді.

11.6.4 Университеттен шығарылған білім алушыға оның қалауы бойынша академиялық транскрипт беріледі.

11.6.5 Оқу мерзімінің аяқталуына байланысты мемлекеттік білім гранты негізінде оқитын және оқу жұмыс жоспарының талаптарын орындамаған студенттер Университетте оқуын жалғастыру үшін Университетпен ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасасуы тиіс.

11.6.6 ЖОО білім алушыларды ауыстыру, оқудан шығару, қабылдау, оқуға қабылдау туралы шешім шыққан күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде «Ұлттық білім беру деректер базасы» ақпараттық жүйесіне тиісті өзгерістер енгізеді.

11.7 Мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға ауыстыру.

11.7.1 Ақылы негізде білім алушы заңнамада белгіленген тәртіппен конкурстық негізде тиісті мамандық бойынша білім беру грантының бос орнына ауысуға құқылы.

Мемлекеттік білім беру грантының бос орнына «F» бағалары түрінде академиялық берешегі жоқ және тиісті курста отырған Қазақстан Республикасының азаматтары ғана үміткер бола алады.

Бос білім беру гранттарын алуға арналған конкурсты өткізу кезінде үлгерімнің орташа балының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, барлық оқу кезеңінде тек «А», «А-» («өте жақсы»), содан кейін «А», «А-» -дан «В +», «В», «В-» және С + («жақсы») бағалары бар, әлеуметтік жағдайы ауыр білім алушылар басым құқыққа ие болады.

11.7.2 Конкурсты білім беру грантын тағайындау туралы куәлікті бере отырып, емтихан сессиясының нәтижелері бойынша ҚР ҒжЖБМ комиссиясы өткізеді.

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 45-беті
-----------------------	--	-------------------

11.7.3 Жоғары білім алу барысында босаған бос білім беру гранттарын беру каникул кезеңінде болған бос орындарға конкурстық негізде мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

1) ақылы негізде білім алушы Тіркеу кеңсесіне мынадай құжаттарды ұсынады:

- Ректордың атына мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға ауысу туралы өтініш;

- жеке куәліктің көшірмесі.

2) ҚазҰТЗУ осы өтінішті конкурстық негізде қарап, Ғылыми кеңестің шешімімен бірге белгіленген мерзімде оны шешім қабылдау үшін ҚР ҒжЖБМ-ге жібереді. Білім алушының өтінішіне Ғылыми кеңестің шешімімен бірге білім алушының транскрипті, оның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және ҚазҰТЗУ-дан шығарылған білім беру грантын иеленушінің куәлігі (түпнұсқасы) қоса беріледі;

3) ҚР ҒжЖБМ келіп түскен құжаттарды оқуға түсу жылын ескере отырып, даярлау бағыттары, оқу түрлері мен мерзімдері бойынша қарайды және мәселе оң шешілген жағдайда білім беру грантын тағайындау туралы бұйрық шығарады;

4) ҚР ҒжЖБМ бұйрығы негізінде білім беру грантын тағайындау туралы куәлік ресімделеді;

5) білім беру грантын беру туралы берілген куәліктің негізінде білім беру гранты бойынша одан әрі оқуға ҚазҰТЗУ бұйрығы шығарылады.

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 46-беті
-----------------------	--	-------------------

## 12 Академиялық демалыстар беру

12.1 Академиялық демалыс – бұл білім алушылар медициналық көрсеткіштер бойынша және өзге де ерекше жағдайларда оқуын уақытша тоқтататын кезең.

12.2 Академиялық демалыстарды беру және ресімдеу тәртібі ҚР ҒЖЖБМ бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларымен реттеледі.

12.3 Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитын білім алушыға академиялық демалыс берілген кезде оның мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде одан әрі оқуға құқығы сақталады, бұл ретте оның оқуын қаржыландыру берілген академиялық демалыс кезеңіне (стипендияға арналған шығыстарды қаржыландыруды қоспағанда) тоқтатылады және ол аяқталғаннан кейін жаңартылады.

12.4 Ақылы негізде оқитын білім алушыға академиялық демалыс берілген кезде оқу ақысын төлеу академиялық демалыс кезеңінде тоқтатыла тұрады.

12.5 Академиялық демалысты ресімдеу үшін білім алушы ҚазҰТЗУ ректорының атына өтініш береді және оқуды уақытша тоқтатудың негізділігін растайтын құжаттарды ұсынады. Білім алушы академиялық демалысты ресімдеуге емтихан сессиясы басталғанға дейін алдын ала өтініш береді. Егер білім алушының академиялық демалысқа шығу сәтінде ағымдағы академиялық кезеңнің пәндері бойынша оң аттестаттауы болған жағдайда, онда осындай пәндер бойынша «І» бағасы қойылуы мүмкін.

12.6 Медициналық көрсеткіштер бойынша академиялық демалыс білім алушыға келесі негіздемелер бойынша беріледі:

1) амбулаториялық-емханалық ұйымдардың дәрігерлік-консультациялық комиссиясының (ДКК) қорытындысы - науқастануы бойынша ұзақтығы 6-12 ай;

2) туберкулезбен ауырған жағдайда, туберкулезге қарсы медициналық ұйымның жанындағы Орталық дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы.

Білім алушыға академиялық демалыс сондай-ақ келесі негіздемелер бойынша:

1) заңнамада белгіленген жағдайларда, әскери қызметке шақыру кезеңінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына шақыру туралы шақыру қағаздары;

2) заңнамада белгіленген жағдайларда, бала туған, ұзақтығы 3 жасқа дейінгі бала асырап алғанда;

3) заңнамада көзделген өзге де жағдайларда берілуі мүмкін.

12.7 Академиялық демалысты ресімдеу үшін білім алушы академиялық мәселелер бойынша проректордың атына өтініш береді және белгіленген медициналық құжатты (ДКК қорытындысы) немесе оны Қазақстан

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 47-беті
-----------------------	--	-------------------

Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына шақыру туралы құжатты ұсынады.

Ұсынылған құжаттардың негізінде үш жұмыс күні ішінде Ректордың білім алушыға академиялық демалыстың басталу және аяқталу мерзімдері көрсетілген бұйрығы шығарылады.

12.8 Академиялық демалыстан шыққаннан кейін білім алушы ҚазҰТЗУ ректорының атына өтініш береді және ауруына байланысты білім алушы академиялық демалыста болған кезде осы мамандық бойынша оқуды жалғастыру мүмкіндігі туралы қорытындымен, науқасты бақылаған емдеу ұйымынан денсаулық жағдайы туралы ДКК анықтамасын ұсынады. Анықтама куәландырылуы және ҚазҰТЗУ медициналық орталығында тіркелуі тиіс.

12.9 Институт директоры ұсынылған құжаттар негізінде оқу жұмыс жоспарларындағы (ағымдағы қайта қабылдау жылына) пәндердің айырмашылығын анықтайды және Тіркеу кеңсесінің келісімі бойынша білім алушының жеке оқу жоспарын бекітеді.

12.10 Ұсынылған құжаттар негізінде үш жұмыс күні ішінде білім алушының білім беру бағдарламасымен оқуға түсу жылы көрсетіле отырып, академиялық демалыстан шығуы туралы бұйрық шығарылады.

12.11 Академиялық демалыстан шығу каникул кезеңінде, бірақ алдағы академиялық кезеңнің бір аптасынан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 48-беті
-----------------------	--	-------------------

## 13 Академиялық адалдық

13.1 ҚазҰТЗУ-дағы академиялық саясат пен оқыту қағидалары академиялық процеске қатысушылардың барлығының академиялық адалдық қағидаттарын мүлтіксіз сақтауын білдіреді, ол академиялық процеске қатысушылардың барлығын оқыту мен бағалауда жеке адалдықты дамытатын құндылықтар мен қағидаттардың үйлесімділігін қамтиды. Академиялық адалдық сондай-ақ жазбаша бақылау жұмыстары, эссе, зерттеулер, тұсаукесерлер, дипломдық жұмыстар/жобалар, диссертациялар орындау, емтихандар тапсыру кезінде лайықты мінез-құлықты қамтиды.

13.2 Университеттің академиялық саясаты және осы Қағида академиялық әділетсіздікпен, академиялық тәртіпсіздікпен және академиялық алдаумен жүйелі түрде күресуге бағытталған. Академиялық процеске тартылған барлық қатысушылар (профессор-оқытушылар құрамы, студенттер, білім алушылар және әкімшілік персонал) академиялық әділетсіздік, академиялық тәртіпсіздік және академиялық алдау, осындай әрекеттердің субъектісі (субъектілері) лайықсыз академиялық артықшылық алған кезде әлеуметтік әділетсіздікті қалыптастыратынын түсінеді. Осы ережемен келіспеген, сондай-ақ осындай әрекеттерге қатысы бар кез келген академиялық процеске қатысушы Университетте сабақ бере, оқи немесе жұмыс істей алмайды.

13.3 Академиялық әділетсіздікке, академиялық тәртіпсіздікке және академиялық алдауға мынадай құбылыстар жатады:

– **Плагиат:** басқа адамның (автордың, ұжымның, ұйымның, қоғамдастықтың немесе өзге де автордың, оның ішінде жасырын автордың) жұмысын, авторын көрсетпей (яғни өз атынан), қасақана немесе қасақана емес түрде сөзбе-сөз қайта шығару.

– **Жалған:** авторлықты, басып шығару және жариялау бойынша деректерді, ақпараттарды немесе жұмыстағы дереккөздерге сілтемелерді бұрмалау.

– **Өтірік:** оқытушыға немесе Университетке жалған мәліметтер беру, оның ішінде жалған емтихан жұмысы, емтихан тапсырушының жалған тұлғасы және т.б.

– **Көшіру:** білім алушының шпаргалкаларды, электрондық гаджеттерді немесе өзге де құрылғыларды қолдануды қоса алғанда, оқытушы немесе емтихан алушы бұл туралы білмейтіндей етіп, жазбаша жұмысты орындауға көмек алуға тырысуы.

– **Сатып алу:** дұрыс жауаптар алу немесе ақшаға не өзге де сыйлықтарға қажетті баға беру.

– **Саботаж:** басқалардың академиялық жұмысты орындауына кедергі келтіру әрекеті. Оның ішінде кітапхана кітаптарынан беттерді жұлып алу, өзгелердің эксперименттік (зертханалық) жұмыстарын қасақана бүлдіру, академиялық, оның ішінде электрондық құжаттарды қолдан жасау.



Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 49-беті
-----------------------	--	-------------------

**Профессорлық-оқытушылық теріс қылықтар:** академиялық алаяқтық немесе білім алушылардың жұмыстарын қасақана дұрыс бағаламау.

13.4 Университеттің осы қағидалары мен академиялық саясаты 13.3-тармақта сипатталған құбылыстарды жоюға бағытталған, осы мақсатта:

- Кез келген пәннің силлабусында көрсету және оқытудың басында тыңдаушыларға академиялық адалдық саясаты туралы ақпаратты жеткізу. Силлабус осы пәннің оқытушысы мен тыңдаушылары арасындағы қарым-қатынас кодексі ретінде мынадай мәтінді көрсетуі тиіс: *«Пән бойынша оқыту шеңберінде кез келген нысанда академиялық әділетсіздіктің, академиялық тәртіпсіздіктің, академиялық алдау мен сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне жол берілмейді. Мұндай әрекеттерді ұйымдастырушы (оқытушы, студенттер немесе олардың тапсырмасы бойынша үшінші тұлғалар) Қазақстан Республикасының заңдары мен Университет қағидаларын бұзғаны үшін толықтай жауапкершілік алады».*

- Оқытушының кәсіби шеберлігін бағалау кезінде Университет қалыпты гаустық бөлуге (Bellcurve) сәйкес бағаларды бөлу қисығына бағдарланады, атап айтқанда: бөлу неғұрлым қалыпты болса, оқытушының педагогикалық шеберлігі соғұрлым жоғары болады. Бағалаудың орташа балының мәні, «өте жақсы» (А және А-) және «жақсы» (В +, В және В-) және т.б. бағалар саны қарауға қабылданбайды.

- Пән силлабусында және емтихан тапсырмасында жұмысты бағалаудың барлық критерийлері жазылуы керек, ал оқытушы мен емтихан алушы жұмысты осы құжаттарда сипатталмаған критерийлер бойынша бағалауға құқығы жоқ. Бұл ретте плагиат және дереккөздерді ойдан шығару жолымен түпнұсқалық емес шығу тегі бар жұмыстар үшін жалпы баға 0 (нөл) кою ұсынылады.

- Дербес аралық және емтихан жұмыстары жазбаша түрде ұсынылуы, түпнұсқалығын оқытушының тексеруі, бағалары әр критерий бойынша жеке қойылуы және жалпы жиынтық бағасы кафедрада кемінде 2 жыл сақталуы тиіс.

- Қорытынды емтихан жұмыстары қатаң түрде кесте бойынша проктордың және емтихан алушының қатысуымен жүргізіледі, бағалаудың объективтілігі жұмысты «дерексіз тексерумен» қамтамасыз етіледі. Емтиханды жалпы кестеден тыс, көрсетілген сессиялардан тыс өткізуге жол берілмейді. Емтиханда электрондық байланыс гаджеттерінің және көшіруге арналған өзге де құралдардың болуына жол берілмейді.

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 50-беті
-----------------------	--	-------------------

## 14 Мемлекеттік шәкіртақы

14.1. Мемлекеттік білім гранты негізінде білім алушыларға мемлекеттік шәкіртақыны тағайындау және төлеу тәртібі, мемлекеттік шәкіртақының және оған үстемеақылардың мөлшері Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаулысымен бекітілген Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік шәкіртақыны тағайындау, төлеу және олардың мөлшері қағидаларымен (бұдан әрі – Шәкіртақы төлеу қағидалары) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

14.2 Мемлекеттік білім гранты негізінде оқудың бірінші жылына қабылданған барлық студенттерге бірінші академиялық кезеңде мемлекеттік шәкіртақы тағайындалады.

14.3 Егер білім алушыда емтихан сессиясының қорытындысы бойынша (білімді бақылаудың барлық нысандарын қоса алғанда) «жақсы» («В +», «В», «В-» немесе «С+») не «өте жақсы» («А», «А-») деген баға болса, келесі оқу семестрінде мемлекеттік шәкіртақыны тағайындау және төлеу жүргізіледі.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын көзі көрмейтін мүгедектер мен есту қабілеті нашар мүгедектерге, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) балаларға мемлекеттік шәкіртақы емтихан сессиясының нәтижелері бойынша академиялық берешегі болмаған кезде төленеді.

14.4 Шәкіртақы аралық аттестаттаудан (емтихан сессиясынан) және каникулдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап, академиялық кезең, аралық аттестаттау және каникул аяқталатын айдың аяғына дейін ай сайын төленеді. Бітіруші курстардың білім алушыларына мемлекеттік шәкіртақы білім беру ұйымын бітіруіне байланысты оқудан шығарылған күнге дейін төленеді. Мемлекеттік шәкіртақыны тағайындау кезінде білім алушының GPA емес, тек бағалары ескеріледі.

14.5 Кәсіптік практика, жазғы каникул кезеңінде, сондай-ақ жалақы төлей отырып, жұмыс орындары мен лауазымдарда жұмыс істеген кезеңде шәкіртақы белгіленген тәртіпте төленеді.

14.6 Пәндер бойынша белгіленген мерзімде дәлелді себептермен емтихан тапсырмаған білім алушыларға шәкіртақы белгіленген тәртіпте «I» бағасы стандартты бағаға өзгергеннен кейін тағайындалады.

Тіркеу кеңсесі «I» бағасының стандартты бағаға өзгеру нәтижелері туралы оқытушылар ұсынған деректер негізінде шәкіртақы тағайындау туралы бұйрық дайындайды және қол қойылған бұйрықты ҚазҰТЗУ Қаржы және есеп департаментіне ұсынады.

14.7 Басқа оқу орнынан ауыстырылған студенттерге мемлекеттік шәкіртақы өткен семестрдің қорытындысы бойынша белгіленген тәртіпте тағайындалады және төленеді.

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 51-беті
-----------------------	--	-------------------

14.8 Медициналық қорытынды негізінде академиялық демалыста жүрген студенттерге академиялық демалыс уақытында мемлекеттік шәкіртақы тиісінше мемлекеттік стипендия мөлшерінің 50%-ы (елу), мүгедектерге - 75% (жетпіс бес) пайызы мөлшерінде белгіленеді.

14.9 Жүктілігі мен босануы бойынша демалыс кезеңінде студенттерге мемлекеттік шәкіртақы жүктілігі мен босануы бойынша демалысқа кеткенге дейін белгіленген мөлшерде, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген бүкіл мерзім ішінде төленеді.

Академиялық демалыс кезеңінде жүктілікке және босануға байланысты еңбекке уақытша жарамсыздық парағын ұсынған кезде академиялық демалыс үзіледі және жүктілігі мен босануы бойынша демалыс ресімделеді.

Студенттер үш жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша демалыста болған кезеңде мемлекеттік шәкіртақы тағайындалмайды.

14.10 Академиялық демалыстан оралған студенттерге мемлекеттік шәкіртақыны тағайындау және төлеу алдағы (кезекті) емтихан сессиясының қорытындысы бойынша белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

14.11 Емтихан сессиясының нәтижелері бойынша тек «өте жақсы» деген баға алған студенттер жоғары мемлекеттік шәкіртақы алуға құқылы. Үстемеақылардың мөлшері Шәкіртақы төлеу қағидаларында айқындалады.

14.12 Шәкіртақыны тағайындау емтихан сессиясының қорытындысы негізінде Ректордың немесе оның орнындағы адамның бұйрығымен жүргізіледі.

14.13 Шәкіртақыны төлеу студент банкте ашқан ағымдағы шотқа стипендия сомасын аудару жолымен жүзеге асырылады.

14.14 Мемлекеттік шәкіртақыны төлеу оқу аяқталғаннан кейін, сондай-ақ ҚР заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

14.15 Өзге шәкіртақыларды (Қазақстан Республикасы Президентінің шәкіртақыларын, құрылтайшылардың шәкіртақыларын және т.б.) тағайындау және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына және ҚазҰТЗУ-дың ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 52-беті
-----------------------	--	-------------------

## 15 Оқу ақысын төлеу

15.1 Университетте оқу құны ҚазҰТЗУ Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді. Ғылыми кеңес студенттердің жекелеген санаттары үшін оқу құнына жеңілдіктер белгілейді.

Оқу ақысының мөлшері Университетте оқу басталғанға дейін (оқу жылы басталғанға дейін) ҚазҰТЗУ мен студент арасында жасалатын ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шартта белгіленеді. Студентті оқытуға Тапсырыс беруші ретінде әрекет ететін және оның оқуына ақы төлеуді жүзеге асыратын заңды тұлға да (немесе жеке кәсіпкер) шарттың тарабы бола алады.

Шарт жасаспай, оқу ақысы төленбейінше және оқуға қайта қабылдау, қабылдау туралы бұйрық шықпай, студент оқу сабақтарына жіберілмейді. Бұл ережеден ерекшелік ретінде ҚазҰТЗУ-ға Тапсырыс берушінің ағымдағы оқу жылында студенттің оқуына ақы төлеу міндеттемесін растайтын оқытуға Тапсырыс беруші ұйымдардан кепілдік хаттар алған студенттер болуы мүмкін.

15.2 Оқу ақысы білім беру қызметтерін көрсетуге жасалған шарттарда белгіленген тәртіпте және мерзімде төленеді.

Жазғы семестр үшін ақы төлеу пәндерге тіркеу басталғанға дейін жүргізіледі.

15.3 Төленбеген жағдайда студент тіркеуге жіберілмейді және/немесе пән бойынша тіркеуден шығарылады (Тіркеу кеңесі реттейді).

Ақы төлеу бойынша берешек болған жағдайда студент Университеттің ішкі ресурстарын (кітапхана, портал және т.б.) пайдалануға жіберілмейді.

15.4 Ағымдағы емтихан сессиясы басталғанға дейін төлем бойынша берешекті өтемеген жағдайда, студент емтихан/сынақ тапсыруға жіберілмейді. Бұл ретте қорытынды емтиханға «F» бағасы қойылады, бұл академиялық қарыз болып табылады және студенттің ақылы негізде пәндерден (пәндерден) қайта өтуіне әкеп соғады.

15.5 Оқудан шығару/бітіру сәтінде оқу ақысы бойынша берешек болған кезде ресми транскрипт және білім туралы өзге де құжаттар төлем бойынша берешекті толық өтегенге дейін берілмейді.

15.6 Белгіленген оқу құны мамандықтың оқу жұмыс жоспарында көзделген кредиттердің ең аз санының құнын қамтиды. Көрсетілген мөлшерден тыс кредиттерге тіркелген жағдайда (ритэйктерді, ауысатын/қайта қабылданатын студенттер үшін оқу жоспарларының айырмашылық пәндерін қоса алғанда) студент ақы төлеу сәтінде қолданыстағы Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген мөлшерде қосымша ақы төлейді.

15.7 Егер студент дәлелсіз себептермен академиялық кезеңдегі пәндерге тіркеуден өтпесе немесе оқу жұмыс жоспарында белгіленгеннен төмен кредиттер санына тіркелсе немесе қандай да бір тіркелген пәндер

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 53-беті
-----------------------	--	-------------------

бойынша оқу сабақтарына қатыспаса, шартта белгіленген оқу ақысының мөлшері өзгертуге жатпайды және тіркелмеген/өткізілмеген пәндер үшін шарт бойынша төленген ақшалай қаражат қайтарылмайды.

15.8 Егер студент академиялық кезең ішінде дәлелді себептер бойынша оқу жұмыс жоспарында белгіленгеннен төмен кредиттер санына тіркелсе (оның ішінде қажетті пререквизиттердің, кестедегі жапсырмалардың және т.б. болмауы), шарт бойынша алынған кредиттердің құнын шегергенде жүргізілген жылдық төлем студенттің жазғы/қысқы модульде оқуына ақы төлеу есебіне немесе келесі академиялық кезеңге есептелуі мүмкін.

15.9 Студент, егер белгіленген өтпелі GPA балын ала алмаса, оқу жылының қорытындысы бойынша ҚазҰТЗУ гранты бойынша оқу құқығынан айырылады.

ҚазҰТЗУ грантынан айырылған студент ақылы оқуға белгіленген жыл құны бойынша көшеді.

15.10 Жеңілдікті құны бойынша оқу құқығынан айыру шарттары ҚазҰТЗУ Ғылыми кеңесінің шешімімен және студентпен жасалатын шарттармен белгіленеді.

15.11 Шартта белгіленген мерзімде қаржылық берешекті жабуды қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда, студент институттың дирекциясында қысқа мерзімде студент үшін қолайлы мерзімде берешекті ай сайын өтеу туралы шартқа толықтыруға қол қоюға міндетті.

15.12 Білім алушы мемлекеттік білім грантынан айырылған және оны қайта курсқа қалдырған жағдайда Университетте оқуын жалғастыру үшін білім алушы Университетпен ақылы білім беру қызметін көрсетуге шарт жасасуы тиіс, бұл ретте оқу құны курсқа қарамастан білім алушының оқуға түскен жылына сәйкес белгіленеді.

Оқу жоспарының талаптарын уақтылы орындамаған (қайта оқу жылына қалған) 5-7-оқу жылының студенттері Университеттен шығарылады.

15.13 Оқуға қайта қабылданатын білім алушылар үшін, сондай-ақ басқа ЖОО-дан ауысатын білім алушылар үшін оқу құны қайта қабылдау курсына сәйкес белгіленетін болады.

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 54-беті
-----------------------	--	-------------------

## 16 Ынталандыру және тәртіптік жазалау шаралары

16.1 Үздік үлгерімі, ғылыми-зерттеу жұмысына, қоғамдық өмірге немесе Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің жұмысына белсенді қатысқаны, түрлі олимпиадалар мен жарыстарда жүлделі орындарға ие болғаны үшін білім алушыларға келесідей ынталандыру шаралары қолданылуы мүмкін:

- алғыс жариялау;
- «ҚазҰТЗУ дамуына қосқан елеулі үлесі үшін» грамотасымен/медалімен марапаттау;
- конкурстық негізде «Жылдың үздік студенті», «Жылдың үздік белсендісі», «Институттың үздік студенті» атақтарын беру;
- Университет Ректоратынан үздік студенттердің ата-аналарына алғыс хаттар (оқу жылының қорытындысы бойынша);
- әртүрлі компаниялардың атаулы шәкіртақыларын тағайындау;
- бағалы сыйлықтармен марапаттау;
- жеңілдік құны бойынша оқыту құқығын беру.

16.2 Студентке атаулы шәкіртақы тағайындау және/немесе оған жеңілдік құны бойынша оқу құқығын беру туралы шешім қабылдау тәртібі, сондай-ақ осындай шешімдер қабылданатын критерийлер Университеттің ішкі құжаттарында айқындалады.

16.3 Тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін: оқу тәртібін бұзғаны, осы Қағидалардың, Ішкі тәртіп ережелерінің, студенттің Әдеп кодексінің, Жарғының, ҚазҰТЗУ-дың өзге де нормативтік актілерінің талаптарын сақтамағаны, білім алушыларға жасалған оқуға шартының талаптары мен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамағаны үшін тәртіптік жазаның мынадай түрлері қолданылуы мүмкін: ескерту; сөгіс; қатаң сөгіс; Университеттен шығару.

Жатақханада тұрудың белгіленген нормаларын (ережелерін) бұзғаны үшін білім алушыға жатақханадан шығару түрінде тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

Қолданылатын тәртіптік жаза жасалған теріс қылықтың ауырлығына және студенттің бұрынғы мінез-құлқына (оның Университетте оқу кезеңінде басқа да жазалары бар) байланысты болады.

16.4 Тәртіптік жазалар теріс қылық анықталғаннан кейін тікелей, бірақ ол анықталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей және теріс қылық жасалған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей қолданылады. Тәртіптік жаза қолданудың көрсетілген мерзімдерінің өтуі білім алушының уақытша еңбекке жарамсыздығына, іссапарда, демалыста болуына, сессияны тапсыруына байланысты Университетте болмаған уақытына тоқтатыла тұрады.

16.5 Ректордың студентке тәртіптік жазаны қолдану туралы бұйрығы Тәртіптік комиссияның шешімі негізінде немесе оқу-тәрбие жұмысын жүзеге

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 55-беті
-----------------------	--	-------------------

асыратын Университеттің құрылымдық бөлімшесі басшысының (институт дирекциясы, кафедра, Тіркеу кеңсесі, Жастар ісі және спорт департаменті және т.б.), ҚазҰТЗУ-дың өзге де лауазымды тұлғаларының ұсынысы негізінде шығарылады.

16.6 Тәртіптік жазаны қолдану туралы бұйрық жазаға тартылған білім алушыға қол қойғызып хабарланады немесе (студентті бұйрықпен жеке таныстыру мүмкін болмаған жағдайда) білім алушының тұрғылықты жері бойынша хабарламасы бар хатпен немесе E-mail арқылы жіберіледі.

Студент бұйрықпен танысуды өз қолымен растаудан бас тартқан жағдайда, институт дирекциясы бұйрықпен танысу парағына тиісті жазба жасайды.

16.7 Тәртіптік жаза қолданылғанға дейін білім алушыдан жазбаша түрде түсініктеме талап етілуі керек. Білім алушының түсініктеме беруден бас тартуы жазаны қолдануға кедергі бола алмайды. Білім алушы түсініктеме беруден бас тартқан жағдайда тиісті акт жасалады.

16.8 Білім алушыға қолданылатын тәртіптік жазаның қолданылу мерзімі – жаза қолданылған оқу жылы ішінде (келесі оқу жылы басталғанға дейін).

16.9 Қолданылатын ынталандыру шаралары мен тәртіптік жазалар білім алушылардың жеке істеріне енгізіледі, олардың қолданылуы туралы белгілер білім алушылардың академиялық транскриптеріне қойылады.

16.10 Университет студентті оқытуға Тапсырыс беруші ұйымды білім алушыға ынталандыру/тәртіптік жаза шараларын қолдану туралы хабардар етеді. Университет әкімшілігінің шешімі бойынша тиісті ақпарат студенттің ата-анасының назарына жеткізілуі, порталда, ақпараттық стендтерде және т.б. орналастырылуы мүмкін.

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 56-беті
-----------------------	--	-------------------

## **17 Жаппай ашық онлайн курс (ЖАОК) арқылы алынған кредиттерді қайта есептеу**

17.1 Университет кафедраның шешімін ескере отырып, студенттердің жаппай ашық онлайн курстар (бұдан әрі - ЖАОК) арқылы тыңдаған пәндерін (кредиттердің белгіленген көлемінде міндетті және элективті цикл), сондай-ақ бейресми білім берудің нәтижелерін, оның ішінде Өмір бойы оқыту (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасына сәйкес бүкіл оқу кезеңінде академиялық кредиттердің жалпы көлемінің жиырма пайызынан аспайтын микроквалификацияларды, нано-кредиттер мен ұлғайтылатын дәрежелерді (Stackabledegree (стакэблдегри)) қайта есептеуге қабылдайды. Міндетті пәндерді қайта есептеу тек PolitechOnline платформасы арқылы оқытылатын курстармен жүзеге асырылады. Элективті пәндерді меңгеру халықаралық білім беру платформалары (Coursera, MITOpenCourseWare, EdX, Udacity, FutureLearn, Интуит, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ КЕАҚ Polytechonline білім беру платформасы) және ересектерге бейресми білім беру арқылы оқытылған курстармен жүзеге асырылады.

17.2 Пәнді қайта тапсыру үшін студент өтінішке сағаттардағы немесе кредиттердегі курстың көлемін және алынған бағаны немесе сынақты көрсете отырып, ЖАОК пәнінен өтудің валидацияланған сертификатын қоса беруге міндетті.

17.3 Егер ЖАОК өткен пәннің атауы Университеттің міндетті курсының атауынан өзгеше болса, кафедраның ЖАОК өткен пәнді ауыстыру туралы қорытындысы да талап етіледі.

17.4 Қайта есепке алу үшін қайта есепке алуға өтініш берген күннен бастап 1 жылдан ерте емес берілген күні бар курстардың валидацияланған сертификаты қабылданады.

## **18 Оқытудың қысқартылған түрі: кредиттерді қайта есептеу қағидалары**

18.1 Бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша оқыту бекітілген бірыңғай оқу жоспарына және 4 жыл оқуға ұсынылатын бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады. Оқуға түсу үшін жалпыға міндетті үлгілік талаптардың сипаттамасы: ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелері бойынша берілген сертификат балдарына сәйкес конкурстық негізде орта, техникалық және кәсіптік білімін толық көлемде аяқтаған талапкердің өтініштері бойынша ең төменгі баға кемінде 70 балл болған кезде жүзеге асырылады.

18.2 Егер бағдарламаға түсуге қойылатын арнайы талаптар бар болса, оның ішінде 12 жылдық мектептердің, колледждердің, қолданбалы бакалавриат бағдарламаларының түлектері үшін 12 жылдық орта, техникалық және кәсіптік және жоғары қолданбалы білім беру, Пре-



Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 57-беті
-----------------------	--	-------------------

бакалавриат, Пре-магистратура, Пре-докторантура бойынша төменде берілген кестеге сәйкес ҚазҰТЗУ жанындағы пилоттық білім беру базасында жеделдетілген (қысқартылған) оқыту үшін білім беру бағдарламасының бірыңғай оқу жоспарының кредиттерін қайта есептеу процедурасына сәйкес қолданылады:

Коды	Құзыреттілік түрі	Құзыреттіліктің сипаттамасы	Құзыреттілік нәтижесі	Жауапты
<b>ЖАЛПЫ</b> (Білім деңгейіне байланысты қосымша мүмкіндігімен толық оқытуды білдіреді)				
G1	Коммуникативтілік	- Еркін моно-тілдік ауызша, жазбаша және коммуникативті дағдылар - екінші тілмен еркін қарым-қатынас жасау қабілеті - әртүрлі жағдайларда коммуникативті қарым-қатынасты қолдану мүмкіндігі - ана тілінде академиялық жазудың негіздері бар - тіл деңгейіне диагностикалық тест	Екінші тіл бойынша кредиттерді қайта есептеу мүмкіндігі бар кем дегенде 240 академиялық кредитті (оның ішінде 120 байланыс аудиториялық академиялық кредитті) меңгерумен толық 4 жылдық оқыту, мұнда студенттер озық деңгейге ие. Тіл деңгейі диагностикалық тест тапсыру арқылы анықталады	Қазақ және орыс тілдері кафедрасы, шет тілдер кафедрасы
G2	Математикалық сауаттылық	- Байланыс деңгейіндегі базалық математикалық ойлау – алгебраның математикалық аппараты базасында ситуациялық мәселерді шешу қабілеті және математикалық талдаудың бастауы - алгебра бойынша математикалық сауаттылыққа арналған диагностикалық тест	Кемінде 240 академиялық кредитті (оның ішінде 120 байланыс аудиториялық академиялық кредитті) игерумен, 4 жылдық толық оқыту. Диагностикалық тестті сәтті тапсырған кезде Математика 1 деңгей, теріс болса – алгебра деңгейі және талдаудың басталуы	Жоғары математика кафедрасы
G3	Жаратылыстану-ғылыми пәндердегі базалық сауаттылық	- ғылымның негізгі заңдарының мәнін түсіне отырып, әлемнің ғылыми бейнесін базалық түсіну - базалық гипотезаларды, заңдарды, әдістерді түсіну, тұжырымдар жасау және қателерді бағалау	Кемінде 240 академиялық кредитті (оның ішінде 120 байланыс аудиториялық академиялық кредитті) игерумен, 4 жылдық толық оқыту. Диагностикалық тестті сәтті тапсырған жағдайда Физика 1 деңгейі, Жалпы химия, теріс нәтиже көрсеткен жағдайда –	Жаратылыстану ғылымдарының бағыттары бойынша кафедралар

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 58-беті
-----------------------	--	-------------------

Коды	Құзыреттілік түрі	Құзыреттіліктің сипаттамасы	Құзыреттілік нәтижесі	Жауапты
			Физиканың бастапқы және Химияның базалық негіздері деңгейі	
<b>ЕРЕКШЕ</b>				
(12 жылдық мектептердің, колледждердің, жоғары оқу орындарының, оның ішінде гуманитарлық-экономикалық бағыттардың, пилоттық (пре) бағыттың түлектері үшін құзыреттер бойынша білім деңгейіне қарай кредиттерді қайта есептеу есебінен қысқартылған оқытуды білдіреді)				
S1	Коммуникативтілік	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Еркін екі тілді ауызша, жазбаша және коммуникативтік дағдылар</li> <li>- үшінші тілмен еркін қарым-қатынас жасау қабілеті</li> <li>- әртүрлі стильдегі және жанрдағы мәтін жазу дағдылары</li> <li>- белгілі бір күрделілік деңгейіндегі өз жұмысын терең түсіну және түсіндіру дағдылары (эссе)</li> <li>- түпнұсқалық мәтінді толыққанды қабылдау, түсіндіру шарты ретінде базалық эстетикалық және теориялық сауаттылық</li> </ul>	Тілдер бойынша кредиттерді толық қайта есептеу (қазақ және орыс)	Қазақ және орыс тілдері кафедрасы
S2	Математикалық сауаттылық	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Индукция және дедукция, қорыту және нақтылау, талдау және синтездеу, жіктеу және жүйелеу, абстракциялау және ұқсастықтарды пайдалана отырып, арнайы математикалық ойлау</li> <li>- ережелерді тұжырымдау, негіздеу және дәлелдеу қабілеті</li> <li>- математикалық есептер үшін жалпы математикалық ұғымдарды, формулаларды және кеңейтілген кеңістіктік қабылдауды қолдану</li> <li>- математикалық талдау негіздерін толық түсіну</li> </ul>	Математика (Calculus) I пәні бойынша кредиттерді қайта тапсыру	Жоғары математика кафедрасы
S3	Жаратылыстану-ғылыми	- Табиғат құбылыстарын терең түсінуді қамтитын	Физика I, Жалпы химия, Жалпы биология,	Жаратылыстану

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 59-беті
-----------------------	--	-------------------

Коды	Құзыреттілік түрі	Құзыреттіліктің сипаттамасы	Құзыреттілік нәтижесі	Жауапты
	пәндеріндегі арнайы сауаттылық (Физика, Химия, Биология және География)	әлемді кең ғылыми қабылдау - қоршаған ортаның ғылыми құбылыстарын түсіну үшін сыни қабылдау - материяның тіршілік формалары, оның өзара әрекеттесуі және табиғаттағы көріністері туралы ғылыми түсінік қалыптастыру үшін когнитивті қабілеттер	Геологияға кіріспе, Геодезияға кіріспе; Оқу практикасы және т.б. бойынша кредиттерді қайта тапсыру	ғылымдары бағыттары бойынша кафедралар
S4	Ағылшын тілі	- әртүрлі білім салаларында ағылшын тілінде әрі қарай өзін-өзі оқытуға дайындығы - ағылшын тілін пайдалана отырып, жобалау және зерттеу жұмысында тәжірибе жинақтауға дайындығы	Ағылшын тілінің кредиттерін академиялық деңгейден кәсіби деңгейге дейін қайта есептеу (15 кредитке дейін)	Шетел тілі кафедрасы
S5	Компьютерлік дағдылар	- Бір заманауи тілде программалаудың базалық дағдылары - әртүрлі пәндер бойынша оқыту үшін софт пен қосымшаларды пайдалану - тіл деңгейі туралы сертификаттың жалпыәлемдік стандартын жүзеге асыру	Пән бойынша кредиттерді қайта есептеу Ақпараттық-коммуникациялық технологияларға кіріспе Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Программалық инженерия кафедрасы
S6	Әлеуметтік-гуманитарлық құзыреттер және мінез-құлық	- әр азаматтың ел мен әлемнің дамуы үшін жауапкершілігін түсіну және ұғыну - Қоғамда, мәдениетте және ғылымда этикалық және моральдық аспектілерді талқылау қабілеті	Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы бойынша кредиттерді қайта есептеу (мемлекеттік емтиханды қоспағанда)	Қоғамдық пәндер кафедрасы
		- Заманауи ғылыми гипотезалар мен теориялар бойынша пікірталас жүргізу үшін сыни түсінік және полемикалық қабілет	Философия және өзге де гуманитарлық пәндер бойынша кредиттерді қайта есептеу	
КӘСШТІК (колледждердің, БЖ мектептерінің, ЖОО-лардың, оның ішінде гуманитарлық-экономикалық бағыттардың, пилоттық бағыттардың түлектері үшін құзыреттері бойынша білім деңгейіне байланысты кредиттерді қайта есептеу есебінен қысқартылған оқытуды білдіреді)				
P1	Кәсіби	- 5 немесе 6-деңгейде кәсіби	Мамандыққа енгізуді,	Шығару

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 60-беті
-----------------------	--	-------------------

Коды	Құзыреттілік түрі	Құзыреттіліктің сипаттамасы	Құзыреттілік нәтижесі	Жауапты
	құзыреттер	құзыреттілікті сыни қабылдау және терең түсіну - Меңгерілген бағдарлама шеңберінде кәсіби мәселелер бойынша талқылау және пікірталас жүргізу қабілеті	салалар бойынша жүйелер мен машиналардың құрылымы мен конструкциясын, салалар бойынша машиналарға сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, базалық кәсіптік пәндер бойынша кредиттерді қайта тапсыру	шы кафедр
P2	Жалпы инженерлік құзыреттер	- базалық жалпы инженерлік дағдылар мен білім, жалпы инженерлік міндеттер мен проблемаларды шеше білу; - экспериментальды деректерді өңдеу, алгебралық және дифференциалдық теңдеулер жүйесін шешу үшін қолданбалы бағдарламалар пакеттерін пайдалана білу	Жалпы инженерлік пәндер бойынша кредиттерді қайта тапсыру (Инженерлік графика, сызба геометриясы, механика негіздері, гидродинамика негіздері, электротехника негіздері, микроэлектроника негіздері, термодинамика негіздері, геология негіздері және т.б.)	Шығарушы кафедр
P3	Инженерлік-компьютерлік құзыреттер	- жалпы инженерлік міндеттерді шешу үшін компьютерлік бағдарламалар мен софтверлік жүйелерді пайдаланудың базалық дағдылары	Компьютерлік графиканың келесі пәндері, САД негіздері, САЕ негіздері және т.б. бойынша кредиттерді қайта тапсыру	Шығарушы кафедр
P4	Инженерлік-жұмыс құзыреті	- жалпы инженерлік міндеттерді шешу үшін техникалық құралдар мен экспериментальды құрылғыларды пайдалану дағдылары және шеберлігі	Экспериментальды бағыттағы оқу пәндері бойынша кредиттерді қайта тапсыру: токарлық-слесарлық іс, жөндеу ісі, дәнекерлеу ісі, зертханалық немесе аналитикалық химия, зертханалық физика, минералогия және т.б.	Шығарушы кафедр
P5	Әлеуметтік-экономикалық құзыреттер	- Қазіргі заманғы әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша сын тұрғысынан түсіну және танымдық қабілеті - Зерттеу объектілерін экономикалық бағалауды	Әлеуметтік-гуманитарлық және техникалық-экономикалық пәндер бойынша кредиттерді элективті цикл есебіне қайта тапсыру	Шығарушы кафедр

Қ 029-03-01.1.01-2023	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясы қағидасы (бакалавриат)	62 беттің 61-беті
-----------------------	--	-------------------

Коды	Құзыреттілік түрі	Құзыреттіліктің сипаттамасы	Құзыреттілік нәтижесі	Жауапты
		және сала жобаларының рентабельділігін базалық түсіну		

18.3 Қайта тапсыру не тиісті кафедраның өтініші бойынша, не тиісті кафедра мақұлдаған студенттің өтініші бойынша жүзеге асырылады. Шығарушы кафедра трансфертті ТК-ге жібереді, онда транскрипт түпнұсқасы негізінде алынған бағаларды көрсете отырып, барлық қайта есептелген пәндер енгізіледі.

18.4 Жоғары білімі бар кадрларды даярлау жалпы орта білімнің, техникалық және кәсіптік білімнің, орта білімнен кейінгі білімнің, сондай-ақ екінші жоғары білім алған кезде жоғары білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары базасында жүзеге асырылады.

Техникалық және кәсіптік білімнің, орта білімнен кейінгі білімнің, сондай-ақ жоғары білімнің білім беру бағдарламалары базасында оқуға түсу кезінде және жоғары білімнің білім беру бағдарламасының бейіні және (немесе) жоғары білімнің, техникалық және кәсіптік білімнің немесе орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламасымен сәйкестігі кезінде ресми білімнің алдыңғы деңгейіндегі оқу нәтижелері автоматты түрде танылады, игерілетін академиялық кредиттердің саны және оқу мерзімі қысқартылады.

Оқу нәтижелері пререквизиттер ретінде сәйкес келген кезде формальды білімнің алдыңғы деңгейінің жекелеген пәндері, сондай-ақ тиісті деңгейдегі формальды емес білімді оқыту нәтижелері қайта есептеледі.

## **19 Қорытынды ережелер**

19.1 Осы Қағидамен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Университеттің нормативтік құжаттарына сәйкес реттеледі.

19.2 Университеттің жалпы стратегиясы студенттің университеттің кез келген әкімшілік қызметкерлерімен электрондық цифрлық байланысын (қатысуын) дамытуға бағытталған, сондықтан осы Қағида процестерді автоматтандыру жағына қарай жетілдірілетін болады.

**Өзгерістерді тіркеу парағына** \_\_\_\_\_  
*құжатты белгілеу*

Өзгерістердің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерістің түрі (өзгерту, қосу, жою)	Хабарламаның күні және нөмірі	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері, қолы, лауазымы